2. *Екінші бағыт* нейропсихологиялық коррекция «*ауыстыратын онтогенез*» идеясымен байланысты (Семенович А.В., 2003) және танымдық функциялардың базалық негіздерін, алдын ала талаптарын қалыптастыруға бағытталған. Бұл бағытта моторлы коррекция әдістері немесе дене-бағытталған әдістер қолданылып, өзіндік денемен байланыс орнату, дене шиеленістерін жеңу, вербальды емес қатынас компоненттерін дамыту, сондай-ақ когнитивті әдістер қолданылып, мектеп білімдерін меңгеруде қиындықтарды жеңу және ВПФ қалыптастыруға бағытталған. Әдістердің екі тобы кешенді түрде қолданылып, олардың өзара толықтырылуы мен әсерінің интеграциялануы ескеріледі. Сенсомоторлық деңгейге әсер ету арқылы жоғары психикалық функциялардың дамуына әсер етеді. Сенсомоторлық деңгей базалық болғандықтан, коррекциялық процестің басында дене әдістеріне басымдық беріледі, олар ми метаболизмін активтендіріп, психикалық қызметтің әртүрлі деңгейлері мен аспектілерінің өзара әрекеттесуін қалпына келтірудің триггерлік механизмі болып табылады. Практикалық, гностикалық, есте сақтау, сондай-ақ өздігінен реттеу процесстерінің дамуы оқу, жазу, математикалық білімдерді игеру және ерік-жігерді реттеуді қамтамасыз ету үшін базалық негіздерді қалыптастырады. «Ауыстыратын онтогенез» әдістемесі үш деңгейден тұратын жүйені құрайды: *бірінші деңгей* - «Психикалық процестердің активациясы, энергияны үнемдеу және статокинестетикалық тепе-теңдік деңгейі»; *екінші деңгей* - «Сенсомоторлы өзара әрекеттесудің операциялық қамтамасыз ету деңгейі»; *үшінші деңгей* - «Психомоторлы процестердің ерікті реттелуі және мағыналық функцияларының деңгейі». Бұл деңгейлер психикалық әрекеттің дамуындағы белгілі кезеңдерге негізделген. Әрбір деңгейдің өз ерекшеліктері мен әдістері бар: бірінші деңгей ми құрылымдарының жұмысын активтендіруге, екінші деңгей қозғалыс пен қабылдау жүйелерінің өзара әрекеттесуін жақсартуға, үшінші деңгей ми алдыңғы бөлімдерін дамытуға бағытталған.

3. *Үшінші бағыт* – интегративті тәсілге негізделген. Қазіргі кезеңде коррекциялық жұмыстың дамуы интегративті бағдарламаларды құруға алып келді, онда нейропсихологиялық коррекцияның түрлі әдістері мен тәсілдері қолданылады. Интегративті бағдарламаларға келесілер жатады:

- Н.Я. Семаг және М.М. Семагтың коррекциялық-дамыту бағдарламасы (2000), кеңістіктік ұғымдарды қалыптастыруға бағытталған;
- Т.Г. Горячеваның және А.С. Султанованың «Сенсомоторлы коррекция» әдістемесі (2003)[4].

Н.Я. Семаг және М.М. Семагтың коррекциялық-дамыту бағдарламасы балалармен жұмыс істеуге бағытталған, олардың жоғары психикалық функцияларының регуляторлық және вербальды-логикалық компоненттерінің жеткіліксіз қалыптасуы байқалады. Бұл әдістеме қозғалыстардың еріктілігін дамытуға бағытталған және нейропсихологиялық әдістердің түрлі интеграциясын қамтиды. Бағдарлама кеңістіктік ұғымдардың әртүрлі деңгейде қалыптасуын қамтиды: дене кеңістігі деңгейі; заттардың дене қатынасындағы орналасуы деңгейі; сыртқы объектілер арасындағы қатынастар деңгейі; лингвистикалық кеңістік деңгейі, оның ішінде уақыттық ұғымдар[5].

Т.Г. Горячеваның және А.С. Султанованың «Сенсомоторлы коррекция» әдістемесі психикалық қызметтің түрлі бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеуге арнайы жасалған. Психикалық бұзылыстардың бірқатарында, мысалы, гиперактивтілік пен назардың тапшылығы бұзылысы, органикалық генезді психикалық даму кешігуі, психосоматикалық бұзылыстар мен ерте балалық аутизмде ми құрылымдарының (гипоталамус, гипоталамо-гипофизарлық жүйе, ми ағзасының ретикулалық құрылымы, аралық ми, ми өзегі және терең бөлімдер) жеткіліксіз қызметі маңызды рөл атқарады. Бұл ми құрылымдарының дисфункциялары әдетте пренатальды және ерте постнатальды даму кезеңдерінде пайда болған ауытқулармен байланысты, себебі осы кезеңдерде олар қарқынды қалыптасады. Сондай-ақ, бұл ми құрылымдары эмоционалды стресспен белсендіріліп, көптеген зерттеушілер психикалық қызметтің түрлі бұзылыстарының пайда болуын осы жағдаймен байланыстырады. Балалық жастағы бейімделу реакциялары мен өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейін қамтамасыз ете отырып, подкоркалық құрылымдар олардың толық жетілмегендігі мен ми қабығы мен подкоркалық құрылымдар арасындағы байланыстардың жетілмегендігі салдарынан артық жүктеліп, дисфункцияларға әкеледі. Сенсомоторлық коррекция жүргізгенде бірінші орынға әрдайым субкортикалық құрылымдардың дефицитін жеңу бойынша жұмыс шығады. Двигательді және сенсорлық компоненттер арқылы баланың психикасына жалпы әсер ету жүзеге асырылады. Әрбір нақты жағдайда дефект құрылымына байланысты арнайы жаттығулар енгізіледі (мысалы, сөйлеу дамуының бұзылыстары болған кезде артикуляциялық гимнастика, синкинезияларды жеңу жаттығулары, бет бұлшықеттерінің тонусын қалыпқа келтіруге арналған жаттығулар, арнайы тыныс алу жаттығулары). Директивті тәсілді және ерекше ұйымдастырылған баламен өзара әрекеттесуді қолдану сенсомоторлық коррекцияны интегративті әдіс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, ол басқа психокоррекциялық және психотерапевтік әдістердің қатарына ерекше орын алып, әрі қарайғы нейропсихологиялық коррекция үшін негіз болып табылады[6].

Баламен коррекциялық-дамыту жұмысы жүргізілгенде, әрдайым есте сақтау қажет, сенсомоторлық актуализациялардың баланың психикалық

дамуындағы интеграциясы – оның психикалық дамуының негізі болып табылады, бірақ 4–5 жас аралығындағы балаларда ең сезімтал болып табылатындар – бұл танымдық процестердің жоғары деңгейлері; тек сенсомоторлық деңгейге белсенді, бірақ оқшауланған әсер ету, психикалық қызметтің иерархиялық тұрғыда жоғары ұйымдасқан формаларын біртіндеп жоққа шығаруға әкелуі мүмкін [6]. Сондықтан, ерте мектепке дейінгі жаста сенсомоторлық коррекция мен психикалық функциялардың дамуына негіз болатын базалық негіздерді қалыптастыру маңызды; үлкенірек жастағы балалар (мектепке дейінгі және төменгі сынып жасындағы балалар) үшін когнитивті коррекция мен когнитивті психикалық функциялардың дамуында маңыздырақ[7].

Баланың психикалық дамуындағы артта қалушылықтарды жеңуге бағытталған коррекциялық-дамыту жұмысы нейропсихологиялық тәсілге негізделген жағдайда, яғни әр балаға тән күшті және әлсіз жақтарын ескере отырып, сәйкес дамытушы орта құру және коррекциялық ықпалдың ерте басталуы жағдайында барынша тиімді болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Балалар жасындағы нейропсихологияның өзекті мәселелері: Оқу құралы / Құрастырушы Л.С. Цветкова. – М.: Мәскеу психологиялық-әлеуметтік институтының баспасы; Воронеж: НПО “МОДЭК” баспасы, 2006.
2. Визель Т.Г. Нейропсихология негіздері: жоғары оқу орындарының студенттері үшін оқу құралы. – М.: В. Секачев, 2013.
3. Горячева Т.Г., Султанова А.С. Психикалық дамудың әртүрлі ауытқуларында сенсомоторлық коррекция // В.М. Бехтерев атындағы Неврологиялық вестник. Т. XL. №3, 2008.
4. Микадзе Ю.В. Балалар жасындағы нейропсихология: Оқу құралы. – СПб.: Питер, 2014.
5. Пылаева Н.М., Ахутина Т.В. Оқыту қиындықтарын жеңу: нейропсихологиялық тәсіл. – СПб.: Питер, 2008.
6. Семенович А.В. Балалар жасындағы нейропсихологиялық коррекция. Орнына келтіру онтогенез әдісі: Оқу құралы. – М.: Генезис, 2010.
7. Цыганок А.А., Виноградова А.В., Константинова И.С. Адаптивті-ойын сабақтары арқылы негізгі танымдық функциялардың дамуы / Нейропсихолог реабилитация мен білім беру саласында. – М.: Теревинф, 2014, 183-229 беттер.

**2- секция. Секция 2.АРНАЙЫ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН
ТӘСІЛДЕР**

**СОВРЕМЕННЫЕ ПРАКТИКИ И ПОДХОДЫ В СПЕЦИАЛЬНОЙ
ПЕДАГОГИКЕ И ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ**

ӘОЖ 376.37

**БИЛИНГВАЛДЫҚ ОРТАДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ТҮЗЕТУДІҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ**

Адилбекова Д.А

ғылыми жетекшісі: Аканова Жанель Маратбековна
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: diadi1721@gmail.com

Біздің қоғамда билингвизм жағдайы көп таралып жатыр. Елімізде мектепке дейінгі балалардың көбісі екі тілде, яғни қазақша және орысша сөйлей алады. Қазақстан көпұлтты мемлекет болғандықтан, адамдардың көбісі екі немесе үш тілді бірге алып жүреді. Екі тілдің бірге қолданылуы балалардың сөйлеуіне қатты әсер қалдырып жатыр. Ал билингвалды ортада өсіп жеткен балада бір тілде грамматикалық құрылымды дұрыс қолданса, екінші тілде сөздік қоры мүлдем нашар, фонематикалық естуінде қиындықтар кездесуі әбден мүмкін немесе екі тілді араластырып сөйлеуі де орын алып жатады. Бұл тақырыптың өзектілігі – логопед маманының билингвалды ортадағы балалармен жүргізетін түзету-дамыту жұмысының ерекшелігін талдау. Яғни, билингвалды ортадағы балалардың сөйлеу ерекшеліктерін заманауи логопедиялық әдістерді пайдалану арқылы түзетудің жолдарын қарастыру.

Билингвизм – бұл адамның екі түрлі тілді бір қатар үйреніп, оларды күнделікті өмірлерінде, қарым-қатынаста қолданылуы. Ғылыми әдебиеттерде билингвизмнің екі түрі бар: табиғи билингвизм және жасанды билингвизм. Табиғи – бұл отбасында бала екі тілді қатар меңгерген. Ал жасанды – бала екінші тілді қосымша оқу барысында меңгерген жағдай. Елімізде билингвизм құбылысының кең таралуы мәдени, әлеуметтік ерекшеліктерге байланысты. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болса, ал орыс тілі білім беруде, жұмыс істеуде, қоғамда кеңінен қолданылатын тіл. Сонымен қатар, көпұлтты мемлекет болғандықтан да, қазақ пен орыс тілі балаларда бірге тәрбиеленіп келе жатыр.

Өсіп келе жатқан балаларда екі тіл бірдей дамымайды. Бір тіл ылғи да екінші тілге қарағанда алдыда жүреді. Яғни, басымдыққа ие болады. Мысалы, бала өз үйінде отбасымен қазақша сөйлесе, ал қоғамда, балабақшада орысша сөйлеп, орысша мультфильмдер көп көрсе, уақыт өте келе баланың басымдыққа ие болатын тілі орысшаға айналады. Сондықтан, балада екі тілі біркелкі дамуы қиынға соғады.

Ж. Пиаже зерттеулерінде ойлау мен сөйлеудің дамуы бір-бірімен тығыз байланысты екендігі көрсетілген. Пиаже баланың ойлау жүйесі дамыған сайын сөйлеуінің де құрылымы өзгеріп, күрделене түсетінін жазған болатын. Бұл көзқарасты билингвалды ортада өскен балаларға қатысты қарастырсақ, екі тілде ойды жеткізу мүмкіндігі олардың жалпы танымдық дамуының деңгейі неғұрлым жоғары болса, екі тілде сөйлеуі де соғұрлым жетіле, дами түседі.

Сонымен қатар, Л .С. Выготский тілдің ойлауды дамытудағы жетекші рөлін атап көрсетіп, оны тек қарым-қатынас құралы емес, ойлауды қалыптастыратын механизм ретінде қарастырды. Сөйлеу арқылы бала ойларын жүйелейді, жаңа ұғымдарды меңгереді және ойлау әрекетін реттейді. Сондықтан сөйлеу мен ойлау өзара тығыз байланысты психикалық процесс болып табылады. Бұл көзқарас билингвизм ортасында да өзекті. Екі тілді меңгерген балаларда бір тілде ұғымдарды еркін игерсе, екінші тілде сөздік қор шектеулі болуы ықтимал. Соның салдарынан өз ойын жеткізу қиындайды және бұл ойлау дамуына әсер етеді.

Билингвизмнің бала дамуына жағымды әсерлері де бар. Көптеген зерттеулер екі тілді меңгерген балалардың ойлауы икемдірек, есте сақтау қабілеті жоғарырақ болатынын көрсетеді. Сонымен қатар, олар әлеуметтік ортада тез бейімделіп, әртүрлі мәдени контекстерде қарым-қатынас жасауға бейім келеді.

Қазақстандағы билингвалды ортада өсіп келе жатқан балалардың сөйлеу дамуы бірнеше ерекшеліктермен байқалады. Ғалымдардың пікірінше (Л.С. Выготский, А.А. Леонтьев және т.б.), екі тілдің қатар қолданылуы баланың сөздік қоры мен грамматикалық құрылымына және фонетикалық дағдыларына тікелей әсер етеді.

Біріншіден, сөздік қордың дамуы әртүрлі деңгейде көрінеді: кейбір балаларда бір тілде сөздік қоры жақсы болса, екіншісінде ол шектеулі болуы мүмкін. Мысалы, мектепке дейінгі бала тұрмыстық ұғымдарды өз тілінде меңгергенімен, техникалық терминдерді көбінесе орысша қолданады.

Екіншіден, грамматикалық құрылымда шатасу болуы мүмкін. Бала сөйлегенде екі тілді араластырады: «Я магазинге барамын» сияқты сөйлемдер көптеп кездесіп жатады.

Үшіншіден, жауап беру және сөйлеу қарқыны ерекшеліктері басқаша дамиы. Балаларда сөйлеу барысы баяулай бастайды, себебі олар ойды қай тілде таңдап жеткізуде ойланып қалады. Бұл когнитивтік жүктемені арттырып, сөйлеу процесін қиындату мүмкін.

Осы ерекшеліктерді ескеру логопед пен педагог мамандар үшін өзекті, себебі сөйлеу дамуына дұрыс бағыт-бағдар беру балалардың екі тілді де меңгеру сапасын арттырады.

Қазақ-орыс тілді ортадағы балалардың сөйлеуін дамытуда логопед жұмысы кешенді түрде ұйымдастырылуы тиіс. Бірінші кезекте диагностика жүргізіледі. Мұнда маман баланың екі тілдік деңгейін кешенді талдайды: сөздік қорын, дыбыстарды дұрыс айтуын, грамматикалық құрылымдарды пайдалануын жеке-жеке қарастырады. Бұл тәсіл логопедке қай тілде қандай қиындықтар бар екенін анықтауға мүмкіндік береді.

Диагностикалық кезеңнен кейін сөйлеуді дамыту жұмыстары басталады. Ғалымдардың айтуынша, алдымен баланың бір тілде, әдетте ана тілінде, базалық сөйлеу деңгейін қалыптастыру маңызды. Себебі ана тілінде негіз қаланған соң ғана екінші тілдегі сөйлеу дағдыларын дамыту жеңілдейді.

Қазіргі заманда сөйлеуді дамытуда заманауи технологиялар кеңінен қолданылуда: логопедиялық мобильді қосымшалар, смарт-айналар, мультимедиялық материалдар балалардың қызығушылығын арттырып, жаттығуларды тиімді етуге мүмкіндік береді. Бұл логопедиялық тәжірибеде кеңінен енгізілуде. Осылайша, логопед жұмысының ерекшелігі – тек баламен тікелей түзету жұмысы ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік ортасымен бірігіп жұмыс істеуі, сондай-ақ заманауи дәстүрлі әдістерді технологиялармен бірге қолдана білуінде.

Логопедиялық түзету барысында әртүрлі заманауи әдіс-тәсілдер қолданылып келе жатыр, оның ішінде:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Логопедиялық мобильді қосымшалар (дыбыс түзетуге, сөздік қорды дамытуға арналған). Компьютерлік тренажерлер мен онлайн-платформалар.

2. Интерактивті мультимедиа және ойын технологиялары

Баланың қызығушылығын арттыратын мультимедиялық жаттығулар. Рөлдік және дамытушы ойындар арқылы коммуникативтік дағдыларды жетілдіру.

3. Смарт-айна және кері байланыс әдістері

Артикуляциялық аппаратты бақылауға мүмкіндік беретін құрылғылар. Бала өз қимылын көріп, түзетуге үйренеді.

4. Қашықтықтан логопедиялық қолдау

Zoom секілді платформаларда сабақ өткізу. Онлайн-ресурстарды қолдану арқылы үй жағдайында жаттығу.

Мысалы, коммуникативтік дағдыларды жетілдіру үшін ойындық-рөлдік жаттығулар қолданылса, сөздік қорды байыту мақсатында танымдық-ойындық тапсырмалар беріледі. Сурет арқылы әңгімелеу, сөздерді сәйкестендіру және т.б.

Логопед жұмысының тағы бір маңызды бағыты – ата-анамен өзара әрекеттесу. Баланың үйдегі тілдік ортасы түзету жұмысының нәтижесіне тікелей әсер етеді. Сондықтан логопед ата-аналарға үй жағдайында баламен жүйелі түрді бір тілде қарым-қатынас орнатуды ұсынады.

Қорытындылай келе, қазақ-орыс билингвалды ортадағы өсіп келе жатқан балалардың сөйлеу дамуы күрделі әрі көпқырлы құбылыс болып табылады. Екі тілдің қатар қолданылуы олардың сөздік қорының, грамматикалық құрылымдарының және фонетикалық дағдыларының қалыптасуына елеулі әсер етеді. Ал заманауи логопедиялық әдістерді пайдалану – түзету жұмысының тиімділігін арттырады. АКТ, смарт-айна, онлайн-платформалар мен мультимедиялық технологиялар баланың тілдік белсенділігін күшейтіп, екі тілді тең дәрежеде дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан логопед маманының түзету жұмысы жүйелі және кезең-кезеңімен ұйымдастырылуы тиіс. Баланың сөйлеу процесімен жұмыс істеуде логопедтің тек балалармен ғана емес, ата-аналармен және педагогтармен бірлесе әрекет етуі – табыстың негізгі шарты. Сонымен

қатар, ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқаулықтар мен практикалық ұсыныстарды көбейту қажет. Осылайша, қазақ-орыс билингвалды ортадағы балаларға арналған логопедиялық көмек кешенді сипатта жүргізілген жағдайда ғана нәтижелі бола алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаева Ә. Логопедия негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
2. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: 1966.
3. Леонтьев А.А. Психоллингвистика: учебное пособие. – Москва: Смысл, 2005.
4. Выготский Л.С. Мышление и речь. – Москва: Лабиринт, 2006.
5. Әбішева Б., Мұратбекова А. Сөйлеу тілінің дамуы және оны түзету жолдары: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2019.
6. Сандыбаева Н.А., Мезенцева, Е.С. Языковые процессы в современном Казахстане: этнокультурная и лингвосоциальная взаимообусловленность. Филология и лингвистика. – 2020.
7. Филимонова М.С., Крылов Д.А. Билингвизм как тенденция языкового развития современного общества. Филология и лингвистика. – 2020
8. Балабақшадағы сөйлеу қабілеті бұзылған балалармен ақпараттық технологияларды қолдану [Электрондық ресурс]. – Bilimger.kz.

ӘОЖ 376.37

Афазия кезіндегі ойындық іс-әрекеттің жоғары психикалық функцияларға ықпалы және реабилитациялық маңызы

БАУЫРЖАНҚЫЗЫ Ә.

ғылыми жетекші: Байтемирова К.Б

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: bauyrzankyzyalina@gmail.com

Афазия – сөйлеу аппаратының есту және артикуляциялық функцияларының сақталуына қарамастан, тілдік құралдарды толық немесе жарым-жартылай қолдану мүмкіндігінің жоғалуымен сипатталатын жүйелі сөйлеу бұзылысы. Сөйлеу қабілетінің мұндай толық немесе ішінара жойылуы бас миының жергілікті зақымдануымен тікелей байланысты. Бұл патологияның дамуына бас-ми жарақаттары, қабыну процестері, ісік түзілістері, тамыр аурулары және қан айналымының бұзылыстары (инсульт) себеп болуы мүмкін. Афазия көбіне ми қыртысының маңдай, төбе, самай және желке аймақтарының зақымдануымен ұштасады. Оның клиникалық көрінісі зақымдану ошағының көлеміне, орналасуына және ми қызметінің орнын басатын компенсаторлық механизмдердің деңгейіне тәуелді болады.

Афазия кейбір жағдайларда үш жастан асқан балаларда да байқалуы ықтимал, себебі бұл кезеңде сөйлеу тілі белгілі бір дәрежеде қалыптасып үлгереді. Дегенмен, клиникалық тәжірибеде тотальді афазия – сөйлеудің толық жойылуы – салыстырмалы түрде сирек кездеседі, ал көптеген науқастарда сөйлеудің жекелеген элементтері қалдық түрінде сақталады.

Афазия мәселесі психология, неврология және физиология ғылымдарының тоғысында қарастырылып, қазіргі таңда аса өзекті медико-әлеуметтік проблема ретінде сипатталады. Бұл оның бас миының ошақтық зақымданулар құрылымындағы кең таралуымен, еңбекке қабілеттіліктің уақытша жоғалу көрсеткіштерінің жоғары болуымен және бастапқы мүгедектіктің айтарлықтай үлесімен түсіндіріледі. Соңғы жылдары бұл патологияның «жасару» тенденциясы байқалуда, нәтижесінде афазия жас науқастар арасында жиі анықталып отыр. Жас адамдар үшін афазия кәсіби қызметті жалғастыруға, әлеуметтік тұрғыда өзін-өзі жүзеге асыруға және қоғам өміріне белсенді араласуға айтарлықтай тосқауыл болып табылады.

Афазия кезінде сөйлеудің ғана емес, сонымен қатар басқа да жоғары психикалық функциялардың бұзылуы орын алады, бұл жағдай жалпы когнитивтік процестердің дезинтеграциясына алып келеді. Осы себепті сөйлеуді қалпына келтіру тек кешенді түзету мен жүйелі қолдау жағдайында ғана мүмкін болады. Бұл орайда логопед, нейропсихолог және реабилитолог мамандардың мультидисциплинарлық өзара әрекеттестігі табысты қалпына келтірудің негізгі шарты болып табылады.

Қазіргі заманғы нейрореабилитация тәсілдері дәлелді логопедиялық әдістемелерді, психотерапиялық қолдауды және нейропсихологиялық жаттығуларды кіріктіре қолдануды қамтиды. Афазияны жоюдың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеуде Э.С. Бейн, М.К. Бурлакова (Шохор-Троцкая), Т.Г. Визель, А.Р. Лурия, Л.С. Цветкова сынды ғалымдар айтарлықтай үлес қосты. Соңғы онжылдықтарда науқастардың белсенділігін арттырып, қалпына келу үдерістерін ынталандыратын инновациялық әрі мотивациялық тұрғыдан қанық әдістерді қолдану өзекті бағытқа айналды. Осындай ықпалды құралдардың бірі – ойын әрекеті.

Ойын дәстүрлі түрде жоғары психикалық функциялардың (зейін, ес, ойлау, сөйлеу, қиял) дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін жетекші іс-әрекет ретінде қарастырылады. Л.С. Выготскийдің мәдени-тарихи тұжырымдамасы мен А.Р. Лурияның нейропсихологиялық еңбектерінде ойынның тек рекреациялық сипатта емес, сонымен қатар оқыту, когнитивтік даму және жоғалған функцияларды компенсациялау тетігі ретінде қызмет ететіні атап өтіледі.

Афазиясы бар науқастардың нейрореабилитация процесінде ойындық әдістерді қолдану олардың ішкі мотивациясын арттырады, сөйлеу белсенділігін ынталандырады, зейін мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді, коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастырады, сондай-ақ эмоционалдық күйзелісті азайтады. Ойынның ми құрылымдарына әсері шетелдік зерттеулерде жан-жақты сипатталған. Л.С. Цветкованың еңбектері көрсеткендей, ошақтық зақымданулары бар ересектер ойын жағдайында күнделікті вербалды коммуникация деңгейінен әлдеқайда күрделі сөйлемдер құрайды. Бұл құбылыс

сөйлеу функциясын қалпына келтірудің маңызды алғышарты болып табылады және ойын әрекетінің когнитивтік әлеуетті белсендіру қабілетін дәлелдейді.

Сонымен қатар, ойындық іс-әрекет регуляторлық функциялардың негізгі компоненттерін іске қосады: когнитивтік икемділік (рөлдер арасында ауысу, ойыннан прагматикалық әрекетке көшу), тежеуші бақылау механизмдері. Демек, ойын тек сөйлеуді қалпына келтіру құралы ғана емес, жоғары психикалық функциялардың кең спектрін қайта ұйымдастыруға ықпал ететін әмбебап реабилитациялық ресурс ретінде сипатталады.

Л.С. Цветкованың тәжірибелік зерттеулерінде афазиясы бар пациенттердің сөйлеу және коммуникациялық дағдыларын қалпына келтіру мақсатында арнайы сөйлеу ойындары (әртүрлі лото, домино түрлері) әзірленді. Бұл ойындар белгілі бір сөздік қабаттарды қалпына келтіруге бағытталып, топтық және жеке сабақтардың бағдарламасына енгізілді. Автордың пікірінше, арнайы сөйлеу ойындарының басты міндеті – экспрессивті және импрессивті сөйлеуді еріксіз деңгейде қалпына келтіру. Сонымен қатар, ойындық жағдай оқыту процесінің мотивациясын арттырып, топтық жұмыс барысында бәсекелестік, өзін-өзі көрсету, әлеуметтік мақұлдауға ұмтылу, эмпатия мен өзара қолдау сияқты әлеуметтік-психологиялық факторларды қалыптастырады.

М.К. Шохор-Троцкая (1982) да афазиясы бар пациенттердің сөйлеу белсенділігін ынталандыруда кроссвордтар, шарадалар, ребустар шешу және күрделі сөздерден жаңа сөздер жасау сияқты ойын түрлерін тиімді әдіс ретінде ұсынған. Бұл жаттығулар жеңіл және орташа дәрежелі сөйлеу бұзылыстарында қолданылып, экспрессивті және импрессивті сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Шетелдік тәжірибелер де топтық ойындардың тиімділігін растайды. Атап айтқанда, С. Romani, А. Olson және L. Lander (Бирмингем университеті, 2019) жүргізген зерттеулерде инсульттен кейінгі афазиясы бар науқастардың реабилитациясында командалық ойындардың оң әсері дәлелденді. Зерттеу нәтижелері ойындық әрекеттердің қалпына келтіру оқытудың нәтижелілігін арттырып қана қоймай, когнитивтік және эмоционалдық процестерді оңтайландыруға ықпал ететінін көрсетті. Сонымен қатар, ойын форматы психоэмоционалдық жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік береді және ұйымдастырушылық тұрғыдан тиімді болып табылады: бір логопедтің жетекшілігімен бірнеше пациентпен бір мезгілде жұмыс жасау уақыт пен ресурстарды үнемдейді.

Ғылыми деректер мен практикалық тәжірибе көрсеткендей, ойындық іс-әрекет афазиясы бар науқастардың реабилитациясында жоғары тиімділікке ие әмбебап құрал болып табылады. Ойын когнитивтік икемділікті, реттеуші функцияларды және мотивациялық компоненттерді белсендіреді, экспрессивті және импрессивті сөйлеуді қалпына келтіруге ықпал етеді, сондай-ақ пациенттердің әлеуметтік өзара әрекеттесуін арттырады. Сонымен қатар, топтық ойындар пациенттердің психоэмоционалдық жай-күйін тұрақтандырып, оңалту шараларының экономикалық және ұйымдастырушылық тұрғыдан тиімділігін қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда, ойын технологияларын логопедиялық, нейропсихологиялық және психотерапиялық әдістермен кіріктіре қолдану афазиясы бар науқастардың қалпына келуіне әлеуетін едәуір арттырады. Демек, ойындық әрекетті реабилитация үдерісінің ажырамас бөлігі ретінде қарастыру қазіргі кезеңде ғылыми және практикалық тұрғыдан негізделген шешім болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Цветкова Л.С. Нейропсихологическая реабилитация больных: речь и интеллектуальная деятельность: Учеб. пособие. 2-е изд., испр. и доп. М., 2004. 420 с.
2. Өмірбекова Қ. Қ., Г.С. Оразаева, Г.Н. Төлебиева, Г.Б. Ибатова Логопедия. Оқулық: Жоғарғы педагогикалық оқу орындарының дефектология бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық (Қ. Қ. Өмірбекованың редакциясымен) – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 495 бет.
3. Romani C., L. Thomas, A. Olson, L. Lander Playing a team game improves word production in poststroke aphasia // Aphasiology. 2019. No. 33 (3). Pp. 253–288. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/02687038.2018.1548205> (accessed: 05.06.2021)
4. Аркин Е.А. Ребёнок в дошкольные годы / Под ред. А.В. Запорожца и др. М., 1967. 445 с.
5. Богуславская З.М. Развитие восприятия в раннем и дошкольном детстве: Влияние построения предметной модели формы на восприятие ее признаков у детей дошкольного возраста // Развитие восприятия в раннем и дошкольном детстве / Ред. А.В. Запорожец, М.И. Лисина. М., 1966. С. 201–246. <http://www.psychlib.ru/inc/absid.php?absid=160929> 05.06.2021). 3. (дата URL: обращения:
6. Буюева Л.П. Человек: деятельность и общение. М., 1978. 216 с.
7. Лурия А.Р. Высшие корковые функции человека. – СПб.: Питер. 2020. – 768 с.: ил. — (Серия «Мастера психологии»)

ӘОЖ 376.37

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Бауыржанқызы Ә.

ғылыми жетекші: Байтемирова К.Б.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: bauyrzankyzyalina@gmail.com

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен жаһандық үдерістердің ықпалымен қарқынды трансформацияға ұшырап отыр.

Бұл өзгерістердің басты бағыттарының бірі – инклюзивті білім беру парадигмасына көшу болып табылады. Инклюзивті білім беру барлық білім алушылардың тең құқығын қамтамасыз етуге бағытталған, ал оның негізінде гуманизм, әлеуметтік әділеттілік және адам құқықтарын сақтау қағидаттары жатыр. Халықаралық деңгейде бұл міндет ЮНЕСКО-ның Саламанка конференциясының Декларациясында (1994) және Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясында (2006) бекітілген.

Ерекше білім беру қажеттіліктері білім алушылардың физикалық, психикалық немесе интеллектуалдық даму ерекшеліктерімен шартталатын, білім алуға арнайы педагогикалық-психологиялық және әлеуметтік жағдай жасауды талап ететін кешенді категория ретінде айқындалады (Выготский Л.С.; Петрова В.Г.). Бұл ұғым білім беру жүйесінде инклюзивті саясаттың мәнін ашып көрсетеді. Осы тұрғыда заманауи педагогикалық ғылым мен тәжірибенің басымдық беретін негізгі міндеті – ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқшаулау емес, қайта оларды бірыңғай білім беру кеңістігіне кіріктіру, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету және тұлғалық әлеуетін дамыту болып табылады.

Педагогикалық ғылымда инновациялық қызмет кәсіби тәжірибені ғылыми тұрғыда рефлексиялау, заманауи әдістерді салыстырмалы талдау, оларды бейімдеу мен игеру, сондай-ақ оқу-тәрбие үдерісін сапалық тұрғыдан жетілдіруге бағытталған үздіксіз жаңғыртуға негізделген мақсатты педагогикалық іс-әрекет ретінде қарастырылады. Инновациялық қызметтің түпкі нәтижесі – педагогтың шығармашылық кәсіби қызмет субъектісі ретіндегі әлеуетін арттыру, оның репродуктивті сипаттағы іс-әрекеттен ғылыми-әдістемелік ізденіс пен әдістемелік шешімдерді дербес жобалау қабілетіне көшуін қамтамасыз ету.

Инновациялық қызметтің негізгі функциялары педагогикалық үдерістің құрылымдық-компоненттік жүйесін жаңғыртуды қамтиды. Олардың қатарына білім беру мақсаттарын стратегиялық айқындау, білім беру мазмұнын ғылыми негізде әзірлеу және жетілдіру, оқытудың тиімді формалары, әдістемелік тәсілдері мен педагогикалық технологияларын енгізу, сондай-ақ білім беру ортасын басқаруды институционалдық деңгейде оңтайландыру жатады.

Инклюзивті білім беру жүйесіндегі инновациялық қызметтің стратегиялық басым бағыттарының бірі – ассистивті технологияларды енгізу және оларды тиімді пайдалану болып табылады. Ассистивті технологиялар ұғымы ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған техникалық құралдар мен сервистердің, бағдарламалық өнімдер мен арнайы бейімделген құрылғылардың кешенін қамтиды. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде бұл технологиялар тұлғаның ақпаратты қабылдау, өңдеу және беру қабілеттерін дамытуға ықпал ететін, әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыратын әрі инклюзияны институционалдық деңгейде жүзеге асырудың маңызды шарты ретінде қарастырылады (Assistive Technologies, WHO, 2016).

Ассистивті технологияларға қолжетімділікті қамтамасыз ету – адам құқықтарының әмбебап қағидаттарына сәйкес келетін құқықтық-саяси міндет

болып табылады. Бұл қағидаттарға тең қолжетімділік, әлеуметтік әділеттілік, адамдық қадір-қасиетті сақтау, дербестікке қолдау көрсету және дискриминацияға жол бермеу жатады. Осы тұрғыда мемлекеттің негізгі міндеті – ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға қажетті құрал-жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді институционалдық деңгейде ұсыну. Мұндай қолдау білім беру сапасына тікелей әсер етіп қана қоймай, тұлғаның әлеуметтік интеграциясын қамтамасыз етеді, оның жанұясының психоәлеуметтік әл-ауқатына оң ықпал етеді және жалпы қоғамның ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды факторға айналады.

Ассистивті технологияларды қолданудың эмпирикалық тұрғыдан дәлелденген мысалдарының бірі – ерте жастағы балаларға арналған есту аппараттарын пайдалану тәжірибесі. Уақтылы жүргізілген естуді түзету шаралары тілдік және коммуникативтік құзыреттіліктердің қалыптасуына жағдай жасайды, бұл өз кезегінде білім алудың кейінгі сатыларына дайындықтың базалық негізін құрайды және тұлғаның кәсіби әлеуетін дамытуға мүмкіндік береді. Ал қажетті қолдау көрсетілмеген жағдайда, білім алушылардың толыққанды әлеуметтенуіне елеулі кедергілер туындап, олардың әлеуметтік интеграция деңгейі айтарлықтай төмендейді.

Осылайша, ассистивті технологиялар тек техникалық құралдар жиынтығы ғана емес, сонымен қатар инклюзивті білім берудің философиясын жүзеге асырудың тиімді тетігі болып табылады. Олар білім беру процесінің қолжетімділігін арттырумен қатар, тұлғаның когнитивтік дамуын, әлеуметтік бейімделуін және кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ететін кешенді педагогикалық-әлеуметтік ресурс ретінде бағалануы тиіс.

Ассистивті құралдармен қатар, инновациялық педагогиканың маңызды бағыттарының бірі ретінде терапиялық технологияларды енгізу қарастырылады. Аталған технологиялар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды кешенді психологиялық-педагогикалық қолдаудың тиімді тетігі ретінде бағаланады. Олардың қолданылуы когнитивтік және эмоционалдық салаларды дамытуға, сондай-ақ әлеуметтік-коммуникативтік құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған.

- Арт-терапия – тұлғаның шығармашылық әлеуетін ашуға, эмоционалдық тұрақтылықты қалыптастыруға ықпал етеді;

- Музыка терапия – моторлық дағдыларды, есте сақтау қабілетін және зейін тұрақтылығын дамытуға оң әсер етеді;

- Иппотерапия мен дельфинотерапия – сенсорлық және физикалық дамуға айқын ықпал етіп, мазасыздық деңгейін төмендетеді және қимыл-қозғалыс үйлесімділігін жетілдіреді.

Аталған терапиялық практикалар негізгі білім беру үдерісін толықтыратын қосымша ресурс ретінде қарастырылады және білім алушылардың жан-жақты дамуына қажетті қолайлы жағдай туғызады.

Инклюзивті педагогикада ерекше маңызға ие бағыттардың бірі – ойын әрекеті. Ол дәстүрлі түрде мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың жетекші іс-әрекеті ретінде қарастырылады (Эльконин Д.Б.; Леонтьев А.Н.). Инклюзивті білім беру жағдайында ойын технологияларының рөлі арта

түседі, себебі олар білімді меңгерудің қолжетімді әрі уәждемелік (мотивациялық) форматын қамтамасыз етеді. Интерактивті және рөлдік ойындарды қолдану төмендегідей мүмкіндіктер береді:

- коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және дамыту;
- ұсақ және ірі моториканы жетілдіру;
- ұжымда әрекеттесу қабілетін бекіту және әлеуметтік нормаларды сақтауға үйрету.

Ойын әрекеті әртүрлі білім беру мүмкіндіктері бар балалар арасындағы өзара әрекеттестікті нығайтып, жағымды эмоционалдық климат қалыптастыру арқылы интеграцияның әмбебап құралы ретінде көрініс табады.

Сонымен, инновациялық және ассистивті технологиялар ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен жұмыста маңызды ресурс болып табылады. Олардың қолданылуы білім беру процесінің қолжетімділігін арттырумен қатар, әлеуметтік бейімделуге, негізгі құзыреттіліктерді дамытуға және тұлғалық әлеуетті ашуға ықпал етеді. Педагогикалық практикада инновациялық технологиялар тек жаңа техникалық құралдарды енгізу ғана емес, сонымен бірге тең мүмкіндіктерге, гуманизмге және оқытудағы дараландыруға негізделген жаңа білім беру парадигмасын қалыптастыруды білдіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Богданова Т.Г., Гусейнова А.А., Назарова Н.М. Педагогика инклюзивного образования: учеб. для студ. высш. учеб. зав. Под ред. Н.М. Назаровой. М.: Инфра-М, 2016. 335 с.

2. Алмешова, Д.А. Мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру жолдары [Мәтін]/ Д.А. Алмешова // Дефектология.- 2014.- №9.- Б.2

3. Адильшинова З.Ү., А.М. Сугуралиева. Инклюзивті оқыту. Ақтөбе, 2017ж

ӘОЖ 376.37

ҚОҒАМНЫҢ ИНКЛЮЗИЯҒА КӨЗҚАРАСЫ: СТЕРЕОТИПТЕР МЕН ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕСІ

Бектурганова И. А., Нурланова Д. Н.

ғылыми жетекші: Байчинов Р.Т., сениор-лекторы, ғылым магистрі.

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,

Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: inbek00@gmail.com, dilyara.nurlanova.05@gmail.com

Қазіргі заманда қоғам дамуының басты өлшемдерінің бірі – инклюзия қағидатын жүзеге асыру. Инклюзия – әрбір адамның ерекшелігіне қарамастан білім алуға, еңбек етуге және қоғамдық өмірге тең құқылы қатысуын қамтамасыз ететін жүйе. Бұл ұғым ерекше қажеттіліктері бар адамдарға ғана емес, тұтас қоғамға бағытталған, өйткені ол теңдік пен әділеттілікті дәріптейді.

Дегенмен, инклюзияны толық жүзеге асыру барысында бірқатар қиындықтар туындайды. Солардың ішінде ең бастысы – қоғамда қалыптасқан стереотиптер. Ерекше балалар мен ересектерді қоғамнан оқшаулау немесе олардың мүмкіндіктерін төмен бағалау – әлеуметтену процесін тежейтін факторлардың бірі. Бұған қоса, әлеуметтік бейімделу мәселелері де өзекті болып отыр: инфрақұрылымдағы қолжетімсіздік, білім беру және еңбек нарығында тең мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі инклюзияның дамуын баяулатады.

Осы тұрғыдан алғанда, қоғамдық сананы өзгерту, толеранттылықты қалыптастыру және бұқаралық ақпарат құралдарының қолдау көрсетуі ерекше маңызға ие. Себебі қоғамның көзқарасы мен қабылдауы өзгерген жағдайда ғана инклюзивті орта шынайы жүзеге асады.

Қоғамдық сана – бұл адамдардың ой-пікірі, көзқарасы, құндылықтары мен дәстүрлерінің жиынтығы. Ол белгілі бір әлеуметтік топтың немесе бүкіл қоғамның түрлі құбылыстарға деген көзқарасын қалыптастырады. Инклюзия тақырыбында қоғамдық сана ерекше маңызға ие, себебі қоғамдағы көзқарастар мен түсініктер ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік өмірге бейімделуіне тікелей әсер етеді.

Инклюзия мәселесіне қатысты ғалымдар әртүрлі қырынан баға береді. Қазақстандық зерттеуші С. Әбенова инклюзивті білім берудің басты мақсаты – барлық балалардың тең дәрежеде қоғамға араласуына жағдай жасау деп көрсетеді. Оның пікірінше, бұл үшін мұғалімдердің кәсіби дайын болуы және ата-аналардың қолдауы маңызды рөл атқарады [1].

Ресейлік ғалым Е. Ярская-Смирнова инклюзияны тек білім беру жүйесімен шектеуге болмайтынын, ол қоғамдағы әлеуметтік саясаттың негізгі бөлігі екенін айтады. Ол ерекше қажеттіліктері бар адамдарды қоғамға кіріктіруді демократиялық дамудың басты шарты деп бағалайды. Ал британдық ғалым Т. Бут инклюзияны барлық балалардың қажеттілігін ескеретін және әрқайсысына қолдау көрсететін орта құру деп түсіндіреді. Оның ойынша, бұл тек гуманистік құндылық емес, сонымен қатар әлеуметтік әділеттіліктің көрінісі. Сонымен қатар, қазақстандық педагогика саласының өкілі Ж. Айтбаева инклюзияның сәтті жүзеге асуы үшін қоғамдық санада қалыптасқан стереотиптерді жоюдың маңызы зор екенін атап өтеді. Ол толеранттылық пен әлеуметтік қолдаудың жеткіліксіздігі инклюзия процесін тежейтінін айтады [2].

Осылайша, ғалымдардың ойлары бір-бірін толықтыра отырып, инклюзияның тек білім беру саласына емес, қоғамның жалпы даму бағытына қатысты кешенді құбылыс екенін көрсетеді.

Стереотиптер – қоғамдық санада қалыптасқан тұрақты көзқарастар мен пікірлердің жиынтығы. Олар көп жағдайда нақты шындықты толық ашпайды, керісінше белгілі бір топқа қатысты жалпылама түсінік береді. Ерекше балаларға қатысты қоғамда жиі кездесетін стереотиптер: олар оқуда немесе әлеуметтік қарым-қатынаста қатарластарынан артта қалады, қоғамға толыққанды бейімделе алмайды деген қате пікірлер. Мұндай ойлар ата-аналарға да, балалардың өздеріне де психологиялық қысым түсіреді.

Сонымен қатар, стереотиптердің қалыптасуына мәдени дәстүрлер, білім деңгейі және ақпарат құралдарындағы бейнелер ықпал етеді. Мәселен, кейбір

қоғамдарда ерекше балаларға жанашырлықпен қарау басым болса, енді бір ортада оларды оқшаулау немесе шеттету жағдайлары жиі кездеседі. Бұл – қоғамдық сананың толеранттылық деңгейіне байланысты құбылыс.

Стереотиптерді еңсерудің басты жолы – қоғамда дұрыс ақпарат тарату, ерекше балалардың жетістіктерін көрсету және инклюзивтік мәдениетті қалыптастыру. Егер қоғамның санасында толеранттылық, қолдау мен теңдік құндылықтары басым болса, онда стереотиптердің ықпалы әлсіреп, балалардың әлеуметтенуі жеңілдейді [3].

Қоғамдағы инклюзияның табысты жүзеге асуы толеранттылық ұғымымен тығыз байланысты. Толеранттылық – бұл адамдардың әртүрлілігін қабылдау, өзгеше көзқарас пен ерекшеліктерге құрметпен қарау қабілеті. Әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балаларға қатысты толеранттылық қоғамдағы теңдікті қамтамасыз етудің басты шарты болып саналады. Толерантты ортада балалар өздерін қауіпсіз сезінеді, қарым-қатынасқа ашық болады және әлеуметтену үдерісі жеңілдейді.

Әлеуметтік бейімделу – адамның жаңа ортаға сіңісуі, қоғамдағы ережелер мен нормаларды меңгеруі. Ерекше балалар үшін бұл процесс кей жағдайда күрделірек, себебі оларды түсінбеушілік немесе қоғамдағы қалыптасқан стереотиптер тежеп отырады. Мектеп, отбасы және қоғам тарапынан қолдау көрсетілген жағдайда ғана әлеуметтік бейімделу тиімді жүзеге асады.

Ерекше балалардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал ететін негізгі факторларды төмендегі кесте көрсетеді [4].

Кесте 1 – Әлеуметтік бейімделуге әсер ететін факторлар

Фактор	Әсері
Білім беру мекемесінің қолдауы	Инклюзивті әдістерді қолдану, толерантты сынып ортасын құру
Отбасы тәрбиесі	Баланың сенімділігін арттыру, эмоционалдық қолдау көрсету
Қоғамдық көзқарас	Стереотиптердің азаюы бейімделуді жеңілдетеді
Мемлекеттік бағдарламалар	Әлеуметтік және заңдық қолдау, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай, әлеуметтік бейімделудің сәтті болуы әртүрлі факторлардың өзара байланысына тәуелді. Егер қоғам мен отбасы бір-бірін толықтырып отырса, ерекше балалардың әлеуметтену процесі жылдамырақ жүреді.

Сонымен қатар, толеранттылық деңгейі әлеуметтік бейімделудің тиімділігін айқындайды. Толерантты қоғамда ерекше балалар өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді, ал толеранттылық деңгейі төмен ортада олар оқшауланып, өзін-өзі бағалауда қиындықтарға тап болады.

Кесте 2 – Толеранттылық деңгейі мен әлеуметтік бейімделудің өзара байланысы

Толеранттылық деңгейі	Әлеуметтік бейімделудің ерекшелігі
Төмен	Балалар оқшауланады, өзін-өзі бағалау төмендейді, әлеуметтену баяу жүреді
Орташа	Қарым-қатынас шектеулі, бейімделу тек белгілі ортада ғана іске асады
Жоғары	Ерекше балалар белсенді, қоғамда өз орнын табады, әлеуетін толық ашады

Жоғарыдағы кестелер толеранттылық пен әлеуметтік бейімделудің тығыз байланысын айқын көрсетеді. Толеранттылық тек моральдық қағида емес, ол ерекше балалардың болашағына, олардың қоғамға бейімделуіне және табысты өмір сүруіне ықпал ететін маңызды әлеуметтік шарт болып табылады.

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтенуі – олардың қоғамда өз орнын табуы, әлеуметтік байланыстарға араласуы және күнделікті өмірде белсенді болуына мүмкіндік беретін күрделі әрі ұзақ процесс. Бұл ұғым тек білім алумен шектелмейді, ол балалардың құрдастарымен қарым-қатынас орнатуын, қоғамдық іс-шараларға қатысуын, өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінуін қамтиды [5].

Әлеуметтенудің ең алғашқы қадамы отбасынан басталады. Отбасы мүшелерінің балаға деген көзқарасы оның өзін-өзі қабылдауына, сенімділік деңгейіне тікелей ықпал етеді. Егер ата-аналар өз баласының ерекшелігін шектеу емес, дамуға мүмкіндік ретінде қараса, бала да өзін қоғамға пайдалы, қажет деп сезінеді. Керісінше, отбасының теріс көзқарасы немесе шамадан тыс қорғанышы әлеуметтену үдерісін қиындатады.

Мектеп – әлеуметтенудің негізгі алаңы. Инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше балалардың қатарластарының арасында білім алуы олардың әлеуметтенуін жеңілдетеді. Сыныптағы балалардың толеранттылыққа тәрбиеленуі, мұғалімдердің қолдауы – осы процесстің басты кепілі. Әдетте мұндай ортада балалар бір-бірінен үйренеді, әлеуметтік рөлдерді меңгереді және түрлі жағдайларда әрекет етуге дағдыланады.

Әлеуметтенудің тағы бір маңызды факторы – қоғамдық орта. Ерекше балалардың спорт секцияларына, шығармашылық үйірмелерге немесе мәдени шараларға қатысуы олардың әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді. Қоғамдық іс-шараларға қатысқан сайын балалардың қарым-қатынас шеңбері кеңейеді, жаңа достар табады, ал бұл олардың психологиялық жайлылығын арттырады.

Сонымен қатар, қоғам тарапынан қолдау көрсететін ұйымдардың да рөлі зор. Арнайы орталықтар, қоғамдық қорлар мен еріктілердің жұмысы балалардың әлеуметтенуіне оң әсер етеді. Олар тек әлеуметтік бейімделуді жеңілдетіп қана қоймай, балалардың өмірге деген сенімін арттырады.

Әлеуметтенудің табысты болуы үшін үш негізгі шарт орындалуы тиіс:

- Отбасында қолдау мен дұрыс тәрбие;
- Білім беру мекемелерінде инклюзивті орта құру;

- Қоғамда толерантты көзқарас қалыптастыру.

Егер осы үш шарт өзара үйлесімде жұмыс істесе, ерекше балалардың әлеуметтенуі толыққанды жүзеге асады. Мұндай балалар ертеңгі күні қоғамның белсенді мүшесіне айналып, өз қабілеттерін әртүрлі салада көрсете алады.

Қазіргі қоғамда инклюзия ұғымы ерекше қажеттіліктері бар адамдарды әлеуметтік ортаға бейімдеу мен олардың тең құқылы мүмкіндіктерін қамтамасыз етуді білдіреді. Бұл мәселе тек білім беру саласында ғана емес, жалпы қоғамдық санада кеңінен талқыланып, дамып келе жатқан бағытқа айналды. Инклюзия – қоғамның гуманистік даму деңгейін көрсететін маңызды өлшемдердің бірі. Себебі әр адам өзінің ерекшелігіне қарамастан қоғамда толыққанды өмір сүруге және өз қабілетін көрсетуге құқылы [6].

Қоғамдық сана бұл жерде ерекше рөл атқарады. Адамдардың көзқарасы, құндылықтары мен әлеуметтік ұстанымдары ерекше балалардың өмірін жеңілдетіп те, күрделендіріп те жібере алады. Қоғамда жиі кездесетін стереотиптердің бірі – ерекше балалардың даму мүмкіндіктері шектеулі, олардың табысты өмір сүруіне кедергілер көп деген ой. Мұндай түсініктер балалардың өздеріне де, ата-аналарына да теріс әсерін тигізіп, әлеуметтік бейімделу жолын қиындатады. Стереотиптердің қалыптасуына мәдени дәстүрлер, білім деңгейі және ақпарат құралдарындағы бейнелер ықпал ететіні белгілі. Осыған байланысты қоғамда толерантты көзқарасты қалыптастырудың маңызы зор.

Толеранттылық – әртүрлілікті қабылдаудың және өзгеше адамдарды түсінудің басты шарты. Ол ерекше балаларды қоғамның бөлігі ретінде қабылдап, оларды шектеу емес, қолдау құндылықтарын дәріптейді. Егер қоғам толерантты болса, балалардың әлеуметтік бейімделуі жеңіл өтеді. Ал бейімделу үдерісі олардың өзін-өзі бағалауына, сеніміне және болашақтағы әлеуетін іске асыруына әсер етеді. Әлеуметтік бейімделудің сәтті болуы үшін білім беру мекемелерінің, отбасының және қоғамдық ортаның қолдауы қажет. Мектепте мұғалімдердің инклюзивті әдістерді қолдануы, сыныптағы балалардың толеранттылыққа тәрбиеленуі, ата-аналардың сенім білдіруі – осы процестің негізгі шарттары [7].

Ерекше балалардың әлеуметтенуі – қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі. Ол тек білім алумен шектелмей, олардың күнделікті өмірге белсенді араласуын қамтиды. Әлеуметтену отбасыдан басталып, мектеп пен қоғамдық ортада жалғасады. Отбасы мүшелерінің балаға деген дұрыс көзқарасы оның сенімін арттырады, ал мектеп ортаға бейімделуді үйретеді. Қоғамдық шараларға, спорт пен өнерге қатысу олардың әлеуетін ашып, жаңа достар табуына мүмкіндік береді. Егер бұл үдерісте отбасы, мектеп және қоғам бірлесе жұмыс істесе, ерекше балалар өздерін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінеді.

Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы да өте зор. БАҚ қоғамның көзқарасын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады. Егер ерекше балалар туралы ақпараттар тек аяушылық тудыратын тұрғыда берілсе, ол қоғамда стереотиптерді күшейтеді. Ал олардың жетістіктерін, мүмкіндіктерін көрсететін материалдар адамдардың толеранттылығын арттырып, инклюзия идеясының нығаюына ықпал етеді. Теледидар, радио, интернет-порталдар мен әлеуметтік желілер бүгінде инклюзияны насихаттаудың басты құралына

айналды. Әлеуметтік желілер ерекше балалардың өз ойларын, сезімдерін қоғамға жеткізуіне мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар, БАҚ-тағы арнайы бағдарламалар, деректі фильмдер мен мақалалар қоғамды ақпараттандырып қана қоймай, ата-аналар мен мұғалімдер үшін пайдалы тәжірибелік материал бола алады.

Алайда БАҚ-тағы ақпарат әрқашан этикалық тұрғыдан дұрыс берілуі тиіс. Жалған ақпарат немесе мүсіркеу сезімін тудыратын бейнелер инклюзия идеясын әлсіретіп, қоғамдағы теріс көзқарастарды күшейтуі мүмкін. Сондықтан БАҚ-тың міндеті – қоғамға теңдік пен толеранттылық құндылықтарын жеткізу, ерекше балалардың мүмкіндіктерін көрсету арқылы оларды толыққанды тұлға ретінде қабылдауға жағдай жасау [8].

Қоғамның инклюзияға көзқарасы оның мәдени даму деңгейін айқындайды. Қоғамдық санадағы стереотиптерді жету, толерантты көзқарасты қалыптастыру, әлеуметтік бейімделуді қолдау және БАҚ-тың оң рөлін арттыру – инклюзивті қоғам құрудың басты бағыттары болып табылады. Әрбір адам өзінің ерекшелігіне қарамастан тең құқыққа ие болған жағдайда ғана әділетті, өркениетті қоғам қалыптасады.

Қоғамда инклюзияға деген көзқарас біртіндеп өзгеріп, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмірге белсенді араласуына жағдай жасалуда. Дегенмен, әлі де болса стереотиптер мен қалыптасқан көзқарастар олардың әлеуметтенуіне кедергі келтіреді. «Ерекше балалар қоғамға бейімделе алмайды» деген сияқты қате пікірлер олардың мүмкіндіктерін шектейді әрі психологиялық тұрғыдан қиындықтар туғызады.

Әлеуметтік бейімделу мәселелері де назардан тыс қалмайды. Қоғамдық ортадағы қолайсыз жағдайлар, инфрақұрылымның қолжетімсіздігі және адамдар арасындағы түсіністіктің жеткіліксіздігі бейімделу процесін тежейді. Мұндай жағдайда толеранттылық пен өзара қолдау ерекше маңызға ие. Мектеп, отбасы және қоғамдық ұйымдар бірігіп әрекет еткенде ғана ерекше жандардың әлеуметке сәтті кірігуі қамтамасыз етіледі.

Инклюзияның табысты дамуы үшін қоғамда стереотиптерді жою, толеранттылықты қалыптастыру және әлеуметтік бейімделуді қолдайтын жағдай жасау қажет. Бұл бағытта бұқаралық ақпарат құралдарының, білім беру мекемелерінің және бүкіл қоғамның бірлескен еңбегі шешуші рөл атқарады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Әбенова С. Инклюзивті білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 215 б.
2. Айтбаева Ж. Қоғамдық сана және инклюзия мәселелері, Нұр-Сұлтан: Білім, 2019. – 178 б.
3. Ярская-Смирнова Е. Социальная инклюзия и общественная политика. – М.: Академический проект, 2018. – 240 с.
4. Booth T., Ainscow M. The Index for Inclusion: Developing learning and participation in schools. – Bristol: CSIE, 2016. – 152 p.

5. UNESCO. Inclusive Education: Guidelines for Policy Makers. – Paris: UNESCO Publishing, 2017. – 95 p.
6. Florian L. The Sage Handbook of Special Education. – London: Sage Publications, 2018. – 540 p.
7. Slee R. Inclusive Education: From Policy to School Implementation. – London: Routledge, 2019. – 230 p.
8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007 (өзгерістер мен толықтыруларымен). – 96 б.

ӘОЖ 376.37

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ ДЕФЕКТОЛОГТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУЫ

Зейнетулда Ш.С.

ғылыми жетекші: Оспанова Д.Б., сениор-лекторы
С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Университеті
Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: Zeinetulda05@gmail.com

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеу – маңызды және күрделі процесс. Бұл балалардың әлеуметтенуі олардың болашақтағы өмір сүру-сапасын, өзін-өзі бағалауын және қоғамдағы орнын анықтайды. Бұл процесте негізгі рөлді отбасы атқарады, себебі ата-аналар мен жақындары баланың алғашқы әлеуметтік ортасын құрайды. Сонымен қатар, дефектолог мамандарының психологиялық-педагогикалық қолдауы да аса маңызды, өйткені олар баланың дамуына бағытталған арнайы әдістерді қолданады.

Отбасы – баланың алғашқы әлеуметтену ортасы. Әлеуметтену – баланың қоғамда қалыптасқан ережелер мен нормаларды меңгеруі, адамдармен қарым-қатынас орнатуды үйренуі. Ерекше балалар үшін бұл процесс қиынырақ болуы мүмкін, себебі олар қарым-қатынас жасауда, өзін-өзі танытуда және қоршаған ортамен байланыс орнатуда қиындықтарға тап болады. [1].

Ата-аналардың психологиялық күйзелісі және оны жеңу жолдары

Ерекше қажеттіліктері бар баланы тәрбиелеу ата-аналарға үлкен эмоционалдық жүктеме түсіреді. Олар қорқыныш, белгісіздік, стресс сияқты сезімдерді бастан кешіруі мүмкін. Мұндай жағдайларда ата-аналарға психологиялық көмек пен қолдау қажет.

Ата-аналар жиі кездесетін қиындықтар:

Қоғам тарапынан түсініспеушілік және стигматизация

Болашаққа деген сенімсіздік

Баланың дамуына байланысты алаңдаушылық

Қаржылық қиындықтар

Қоғамдық және отбасылық қолдаудың жетіспеушілігі

Ата-аналардың психологиялық жағдайын жақсарту үшін:

- психологтармен немесе дефектологтармен тұрақты кеңестер өткізу;
- қолдау топтарына қатысу;
- баланың жетістіктеріне назар аудару;
- арнайы педагогикалық әдістерді меңгеру.

Дефектологтың қызметінің негізгі бағыттары

1) Диагностика және дамыту: Баланың зияткерлік, сөйлеу және психологиялық даму деңгейін анықтау, оның қабілеттеріне сәйкес дамыту бағдарламаларын жасау.

2) Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру: Баланың қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру, өзін-өзі танытуына көмектесу.

3) Ата-аналармен жұмыс: Баламен қалай қарым-қатынас жасау керектігін үйрету, ата-аналарды қажетті біліммен қамтамасыз ету.

4) Психологиялық қолдау: Балаға да, ата-анасына да эмоционалдық көмек көрсету.

Дефектолог маманы баланың дамуы мен қоғамға бейімделуін кешенді түрде қарастырады. Ол арнайы түзету әдістерін қолдана отырып, баланың әлеуметтенуіне кедергі болатын факторларды анықтайды және оларды жеңуге көмектеседі.

Дефектологтың қоғамға бейімдеудегі рөлі:

- Баланың әлеуметтенуіне бағытталған ойындар мен жаттығулар жасау
- Қоғамдық орындарда өзін ұстау дағдыларын қалыптастыру
- Баланың коммуникациялық дағдыларын дамыту
- Оқытудың инклюзивті әдістерін қолдану

Ерекше балаларды әлеуметтендірудегі негізгі кедергілер[2].

Қоғамдық көзқарас: Ерекше балалар мен олардың отбасылары қоғамда кейде түсініспеушілікке немесе стигматизацияға ұшырайды. Бұл олардың қоғамға бейімделуін қиындатады. Арнайы білім беру ресурстарының жеткіліксіздігі: Инклюзивті білім беру жүйесі әлі де толыққанды дамымағандықтан, ерекше балалардың білім алуына байланысты кедергілер кездеседі. Қаржылық қиындықтар: Көптеген отбасылар ерекше балалардың дамуына қажетті ресурстарды, арнайы мамандардың көмегін пайдалана алмайды. Ерекше балалардың қоғамға бейімделуі – бұл ата-аналар, дефектологтар және бүкіл қоғамның бірлескен жұмысының нәтижесі. Отбасы баланың алғашқы әлеуметтік ортасы ретінде оны қолдап, сенімін нығайтуы керек. Дефектологтар өз кезегінде баланың әлеуметтенуіне қажетті дағдыларды қалыптастырып, оған және ата-анасына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуі қажет.

Қоғамда ерекше балаларды қолдау мен инклюзивті орта қалыптастыруға көбірек көңіл бөлінген сайын, олардың әлеуметтену мүмкіндіктері артып, болашаққа деген сенімі нығаяды.

Ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоғамға бейімделуі – кешенді және үздіксіз процесс. Бұл жолда ата-аналар, дефектолог мамандары, педагогтар және жалпы қоғам маңызды рөл атқарады. Баланың әлеуметтенуінде отбасы – ең алғашқы және негізгі орта болып табылады. Ата-аналар баланы қолдау арқылы оның өзіндік бағасын арттырып, қоғамға сенімді түрде енуіне көмектесе алады.

Дегенмен, ата-аналар көбінесе эмоционалдық күйзеліс, әлеуметтік түсініспеушілік және қаржылық қиындықтар сияқты мәселелерге тап болады. Сондықтан оларға психологиялық және педагогикалық көмек көрсету – маңызды міндет. [3].

Дефектолог мамандарының психологиялық-педагогикалық қолдауы ерекше балалардың әлеуметтену үдерісінде шешуші рөл атқарады. Олар балалардың әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы әдістерді қолданады. Дефектологтың жұмысы тек балаға ғана емес, ата-аналарға да қолдау көрсетуге бағытталған. Олардың кәсіби көмегі ата-аналарға баламен тиімді қарым-қатынас орнатуға, баланың әлеуетін ашуға және оның қоғамға бейімделуіне жағдай жасауға көмектеседі. [4].

Қазіргі таңда инклюзивті білім беруді дамыту, ерекше балаларға қолайлы орта қалыптастыру мәселесі өзекті болып отыр. Мемлекет тарапынан қабылданған инклюзивті саясат пен білім беру бағдарламалары ерекше балалардың әлеуметтенуін жеңілдетуге бағытталғанымен, бұл салада әлі де көптеген қиындықтар бар. Әлеуметтік стереотиптер, арнайы педагогикалық ресурстардың жетіспеушілігі және қоғамның дайын еместігі ерекше қажеттіліктері бар балалардың толыққанды әлеуметтенуіне кедергі келтіреді. [5].

Ерекше балаларды қоғамға бейімдеу үшін бірнеше негізгі бағыттарды күшейту қажет:

1. Ата-аналарды психологиялық қолдау: Оларға психологиялық кеңес беру, арнайы тренингтер өткізу, ата-аналар қауымдастығын құру маңызды.

2. Дефектологтардың кәсіби біліктілігін арттыру: Заманауи әдістемелерді меңгеру және жаңа түзету бағдарламаларын енгізу қажет.

3. Қоғамдық көзқарасты өзгерту: Қоғамды ақпараттандыру, инклюзивті мәдениетті дамыту арқылы ерекше балаларға деген көзқарасты жақсарту керек.

4. Мемлекеттік қолдау: Ерекше балалар мен олардың отбасылары үшін қаржылай және әлеуметтік көмек көрсету механизмдерін жетілдіру қажет.

Ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеу – бұл бүкіл қоғамның бірлескен еңбегі. Егер ата-аналар, педагогтар, дефектологтар және мемлекет бірлесе жұмыс істесе, ерекше балалар үшін толыққанды өмір сүруге қолайлы орта қалыптастыруға болады. Әрбір бала қоғамның тең мүшесі болуға лайық, сондықтан олардың әлеуметтенуіне жағдай жасау – біздің ортақ міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лиходедова, В. А. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Инклюзия: теория және практика. Алматы: Оқу-әдістемелік орталық, 2024

3. Сатбаева, Г.Ж. Арнайы педагогика негіздері. Алматы: Қазақ университеті, 2021.

4. Жұмабекова, Ф.Н. Ерекше балаларды оқыту әдістемесі. Нұр-Сұлтан: Білім баспасы, 2022.

5.Выготский, Л.С. Баланың психикалық дамуы және әлеуметтенуі. Мәскеу: Педагогика баспасы, 2021

УДК 376.1:373.5:37.018.1

ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПЕДАГОГА-АССИСТЕНТА ПО СОПРОВОЖДЕНИЮ ДЕТЕЙ С СДВГ В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Жақытова С.Т.

научный руководитель: Смаилова Ж.У., сениор-лектор, магистр
психологии

ВКУ им. Сарсена Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: sabinazhakitova.2004@gmail.com

Синдром дефицита внимания и гиперактивности (СДВГ) является одной из наиболее распространённых форм поведенческих нарушений, проблема сопровождения детей с данным синдромом всегда являлась актуальной в педагогической практике. По данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ), около 5,29% детей во всём мире имеют СДВГ [1]. Это означает, что практически каждый второй-третий ребенок из тридцати может иметь те или иные признаки синдрома. В современных классах общеобразовательных школ Республики Казахстан дети с СДВГ составляют значимую часть учащихся с особыми образовательными потребностями (ООП), при этом система массового образования зачастую оказывается неготовой к полноценному сопровождению таких школьников.

Сложности при обучении детей с СДВГ выражаются в нарушении внимания, повышенной импульсивности, трудностях адаптации и саморегуляции. Эти проявления значительно затрудняют учебный процесс, вызывают непонимание со стороны учителей и сверстников, формируют устойчивую школьную дезадаптацию. Особенно остро стоит вопрос о подборе адекватного психолого-педагогического подхода: педагог сталкивается с трудностью управления поведением, концентрацией внимания на занятиях, планированием и выполнением учебных заданий. В связи с этим возникает острая потребность в специалисте, который мог бы осуществлять постоянное сопровождение ребёнка - педагоге-ассистенте, чья деятельность становится ключевым условием успешной социализации и обучения ребёнка с СДВГ в общеобразовательных учреждениях.

Существуют различные подходы к пониманию природы и особенностей проявления синдрома дефицита внимания и гиперактивности (СДВГ), отражающие как нейropsychологическую, так и педагогическую модель. Осознание этих различий важно для построения эффективной системы сопровождения детей с СДВГ, особенно в условиях общеобразовательной школы. Мы акцентируем внимание на ряде зарубежных и отечественных исследовательских подходов, опираясь на нейробиологические и психолого-педагогические основания. Это позволит глубже понять механизмы нарушений,

лежащих в основе синдрома, и подобрать действенные методы педагогического сопровождения.

Зарубежные исследователи, такие как Баркли Р.А., Браун Т.Э., Арнштен А.Ф., подчёркивают значимость нейробиологической модели СДВГ, в которой ключевое внимание уделяется дисфункции префронтальной коры и стриатума, вызванной дефицитом нейромедиаторов - дофамина и норадреналина [3]. Именно эти нейрохимические нарушения, по их мнению, лежат в основе таких проявлений, как импульсивность, трудности с концентрацией и сниженный уровень самоконтроля. Практическая значимость этих исследований заключается в том, что они определяют необходимость комплексного подхода, сочетающего медикаментозную и психолого-педагогическую поддержку.

Наряду с этим Лебединский В.В., Цветкова Л.С., Власова Т.А., Певзнер М.С., рассматривают СДВГ как проявление минимальной мозговой дисфункции (ММД), связанной с незрелостью лобных отделов мозга и нарушением функций произвольной регуляции поведения [2]. Особое внимание уделяется особенностям сенсомоторного и эмоционального развития детей, что позволяет педагогам учитывать индивидуальные параметры психофизиологического профиля ребёнка при построении образовательного маршрута. Таким образом, оба подхода подчёркивают необходимость глубокого нейropsychологического анализа и индивидуального сопровождения в обучении детей с СДВГ.

Отечественные исследователи, такие как Елисеева Е.Г., Ерсарина А.К. указывают, что педагог-ассистент выполняет ряд ключевых функций при сопровождении детей с особыми образовательными потребностями, в том числе с СДВГ. К ним относятся: посредничество между ребёнком и образовательной средой с адаптацией заданий и учебной нагрузки, поддержка в освоении стратегий саморегуляции и участие в планировании деятельности, организация образовательного пространства и времени, создание условий для концентрации внимания, координация взаимодействия между педагогами, родителями и специалистами, а также наблюдение за динамикой развития и коррекция сопровождения на основе наблюдений [9].

При сопровождении детей с СДВГ педагог-ассистент применяет систему приёмов и средств, направленных на поддержку и развитие нарушенных функций: произвольного внимания, саморегуляции поведения, эмоционального контроля и сенсорной интеграции. Осознание нейropsychологических механизмов этих нарушений позволяет педагогу-ассистенту применять не только педагогические, но и коррекционно-развивающие стратегии, соответствующие особенностям ребёнка. Методики опираются на труды Цветковой Л.С., Сиротюк А.Л., Егоровой Е.В., Ахановой А.А., а также на практико-ориентированные подходы нейropsychологов и специалистов в области инклюзии.

Для развития внимания широко применяется метод визуального расписания - это наглядные схемы, отображающие последовательность действий ребёнка в течение дня или урока. Они способствуют формированию устойчивости внимания, учат планировать и ориентироваться во времени, снижают тревожность за счёт предсказуемости. Также используются таймеры

обратного отсчёта, которые визуализируют длительность занятия или паузы. Метод полезен при трудностях с началом или завершением действий: ребёнку легче начать задачу, зная, сколько времени она займёт. Таймер позволяет видеть конец активности, формирует ощущение завершенности и тренирует самоконтроль [5, 6].

Чек-листы и органайзеры помогают структурировать деятельность: ребёнок видит, какие шаги нужно выполнить, может сам контролировать прогресс, ставить галочки напротив завершённых этапов. Это развивает произвольное внимание, улучшает мотивацию, снижает ощущение перегрузки. Такие инструменты можно использовать как на занятиях, так и в повседневной жизни ребёнка. Не менее важны адаптированные учебные задания, в которых изменяются объём, формат или темп выполнения. Например, крупный шрифт, сокращённые инструкции и пошаговые карточки облегчают восприятие и позволяют ребёнку с СДВГ успешно выполнять задания без снижения уровня содержания [4, 5].

Для формирования навыков саморегуляции применяются визуальные методы - это схемы или карточки, показывающие последовательность действий. Такие алгоритмы позволяют снизить импульсивность, предупреждают дезорганизацию. Карточки с правилами поведения (например, «не перебивай», «подними руку») используются как внешние опоры, заменяющие внутренние регуляторы, которые у детей с СДВГ часто не сформированы [6, 8].

Эффективными также являются шкалы самонаблюдения, в которых ребёнок может отмечать своё состояние, уровень активности или настроения. Это помогает развивать осознанность и навык самоконтроля. Сигнальные карточки альтернативной коммуникации — визуальные пиктограммы с подписями «мне нужна помощь», «нужно сделать паузу», «я злюсь», «я не понял» — позволяют быстро обозначить состояние и избежать вспышек раздражения [5, 8].

Для коррекции импульсивности применяются техники: «дыхание по квадрату», «техника черепахи», «стоп - подумай - действуй». Эти методы позволяют ребёнку остановиться, осмыслить происходящее и выбрать адекватное поведение. Параллельно эффективно будет применять на занятиях системы жетонного поощрения, которые выступают главным усилителем мотивации ребенка к выполнению тех или иных действий, закреплению положительных навыков, она также является простой в использовании - ребёнок получает жетоны за выполнение правил и может обменять их на небольшую награду [5, 7].

Эмоциональная поддержка включает использование дневников настроения, пиктограмм эмоций и доверительных бесед, в которых ребёнок учится идентифицировать и выражать чувства. Для снижения тревожности применяются дыхательные упражнения, визуализация и пальчиковая гимнастика, способствующие саморегуляции и психоэмоциональной стабилизации [6, 8].

Методы сенсорной интеграции включают применение фитболов, балансировочных подушек, эластичных лент, тактильных мячиков и

утяжелённых предметов. Они активируют проприоцептивные зоны и способствуют снижению гиперактивности. Игры с текстурами, звуками, запахами и игры по правилам помогают выравнивать сенсорные реакции и формировать навыки произвольного поведения [8].

Таким образом, сопровождение детей с синдромом дефицита внимания и гиперактивности в условиях инклюзивного образования приобретает особую значимость в современной педагогике. Учитывая нейропсихологические особенности СДВГ, в том числе нарушение произвольного внимания, слабую регуляцию поведения и повышенную эмоциональную возбудимость, становится очевидным, что успешное обучение и социализация таких детей невозможны без специально организованной педагогической поддержки.

Педагог-ассистент в этой системе выступает не просто вспомогательной фигурой, а ключевым участником образовательного процесса. Его функции включают организационно-педагогическое, коммуникативное и коррекционно-развивающее сопровождение, направленное на преодоление барьеров в обучении, поведении и социализации ребёнка с СДВГ. Он адаптирует учебную среду, организует повседневную деятельность, выступает связующим звеном между ребёнком, педагогами и родителями.

Применение приёмов, методов и средств, опирающихся на нейропсихологические подходы и практические рекомендации отечественных и зарубежных авторов, позволяют построить систему сопровождения, адекватную реальным возможностям ребёнка. Методы, направленные на развитие внимания, саморегуляции, эмоциональной устойчивости и сенсорной интеграции, могут использоваться не только в рамках занятия, но и в свободной деятельности, а также в качестве рекомендаций родителям. Именно комплексный и осознанный подход к деятельности педагога-ассистента обеспечивает устойчивый положительный результат в обучении и развитии детей с СДВГ в условиях инклюзивного образования.

Список использованной литературы

1. Всемирная организация здравоохранения. Статистические данные по распространённости СДВГ. - 2021
2. Цветкова Л.С. Нейропсихологическая диагностика и коррекция. – М.: ВЛАДОС, 2002.
3. Barkley R.A. Attention-Deficit Hyperactivity Disorder: A Handbook for Diagnosis and Treatment. – New York: Guilford Press, 2015.
4. Сиротюк А.Л. Егорова Е.В. Инклюзивное образование: теория и практика. – Алматы: НИЦ, 2019.
5. Аханова А. А. Егорова Е.В. Култаева Д.Х. Сопровождение детей с особыми образовательными потребностями педагогом-ассистентом в организациях образования. – Алматы, 2022.
6. Малофеев Н. Н. Данилова А. П. Психолого-педагогическое сопровождение детей с СДВГ. – М.: ГНОМ, 2017.

7. Бурменская Г. В. Практикум по коррекции девиантного поведения у детей. – М.: Академкнига, 2016.

8. Егоров А.М. Методы сенсорной интеграции в коррекционной педагогике. – СПб.: Речь, 2020.

9. Елисеева И.Г. Ерсарина А.К. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе. – Алматы, 2019.

ӘОЖ 376.37

ЦИФРЛЫҚ ГЕЙМИФИКАЦИЯ ӘДІСТЕРІ АРҚЫЛЫ ЕРЕКШЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МОТИВАЦИЯСЫН АРТТЫРУ

Жанарбек Ж.Ж.

ғылыми жетекші: Байчинов Р.Т. сениор-лекторы, ғылым магистрі.

Бекбаева М.Ф., Әлеуметтік ғылымдар магистрі

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ

Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: zhuldyz.zhanarbek@bk.ru

Қазіргі замандағы білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі – ерекше білім алушылардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау. Инклюзивті білім беруде оқыту әдістерін түрлендіру, оқушылардың оқу үдерісіне белсенді қатысуына ықпал ету ерекше маңызға ие. Осы тұрғыда цифрлық геймификация әдістерін қолдану оқыту сапасын арттырудың заманауи және тиімді тетігі ретінде қарастырылады. Геймификация оқу процесіне ойын элементтерін енгізу арқылы оқушылардың қызығушылығын күшейтіп қана қоймай, олардың ішкі мотивациясын арттыруға, танымдық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді. Әсіресе ерекше білім алушылар үшін мұндай әдістер оқу материалын жеңіл қабылдауға, өз қабілеттерін көрсетуге және білім алу барысында жағымды эмоциялық орта қалыптастыруға жағдай жасайды. Цифрлық құралдардың мүмкіндіктерін пайдалану оқытуды дараландыруға, әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге және оқу жетістіктерін әділ бағалауға ықпал етеді. Бұл инклюзивті білім берудің сапасын арттырып қана қоймай, ерекше білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне де оң әсерін тигізеді. Осыған байланысты цифрлық геймификация әдістері арқылы ерекше білім алушылардың мотивациясын арттыру мәселесін зерттеу – қазіргі білім беру жүйесінің даму бағыттарына сәйкес келетін, теориялық та, практикалық та тұрғыдан өзекті ғылыми мәселе болып табылады.

1. Цифрлық геймификация әдістеріне шолу жасау: олардың білім беру саласындағы қолданысын талдау және артықшылықтары мен шектеулерін анықтау.

2. Ерекше білім алушылардың оқу мотивациясына әсер ететін факторларды зерттеу: психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тұрғыларын айқындау.

3. Геймификация элементтерінің (ұпай жинау, деңгейлер, марапат жүйесі, виртуалды тапсырмалар) оқу үдерісіндегі тиімділігін бағалау.

4. Цифрлық құралдарды пайдалану арқылы ерекше білім алушылардың танымдық белсенділігі мен мотивациясын арттыру мүмкіндіктерін анықтау.

5. Инклюзивті білім беру тәжірибесінде цифрлық геймификацияны қолданудың практикалық ұсыныстарын әзірлеу.

Зерттеу барысында ерекше білім алушылардың оқу мотивациясына цифрлық геймификацияның әсерін айқындау мақсатында сапалық және сандық әдістер қолданылды. Алдымен ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, геймификацияның теориялық негіздері мен инклюзивті білім берудегі қолданысы талданды. Кейін 60 ерекше білім алушылар арасында сауалнама жүргізіліп, олардың цифрлық құралдарға деген қызығушылығы мен оқу мотивациясы анықталды. Сонымен қатар геймификация элементтері енгізілген сабақтарды бақылау арқылы оқушылардың белсенділігі мен ынтасы бағаланды. Жиналған мәліметтер дәстүрлі оқыту нәтижелерімен салыстырылып, алынған деректер статистикалық әдістермен өңделді.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер ерекше білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруда цифрлық геймификация әдістерінің маңыздылығын жан-жақты айқындады. Әдебиеттерге жасалған талдау нәтижесінде геймификация элементтері – ұпай жинау, деңгейлерге көтерілу, марапаттау жүйесі, виртуалды тапсырмалар және интерактивті тесттер – білім беру процесінде оқушылардың қызығушылығын жандандырып, мотивацияны күшейтетін негізгі құралдар екені дәлелденді. Әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында бұл әдістердің маңызы ерекше, себебі олар оқу процесін тек ақпарат беруші сипаттан белсенді қатысуға ынталандыратын ортаға айналдырады. Сауалнама нәтижелеріне сүйенсек, ерекше білім алушылардың 78%-ы ойын элементтері енгізілген сабақтарды дәстүрлі сабақтарға қарағанда қызықтырақ деп бағалады. Олардың 65%-ы цифрлық тапсырмаларды орындау барысында өздерін еркін сезінетінін, материалды тезірек және жеңіл қабылдайтынын атап өтті. Сонымен қатар, 54%-ы сабаққа деген қызығушылығының артуын тікелей марапаттау және деңгей жүйесімен байланыстырды. Бірқатар оқушылар цифрлық құралдар оларға өзіндік бақылау жасауға, яғни жетістігін нақты көруге және өз нәтижесін басқалармен салыстыруға мүмкіндік беретінін ерекше атап өтті. Бақылау әдісінің нәтижелері сауалнама қорытындыларын нақтылады. Геймификацияланған сабақтарда ерекше білім алушылардың сабақтағы белсенділігі 20–25%-ға жоғарылады. Оқушылардың тапсырмаларды уақытында орындау жиілігі артты, ал дәстүрлі сабақтарда жиі кездесетін енжарлық пен алаңдау жағдайлары едәуір азайды. Мысалы, топтық жұмысқа қатысу деңгейі дәстүрлі сабақтарда 60%-ды құраса, геймификация енгізілген сабақтарда бұл көрсеткіш 85%-ға жетті. Бұл факт цифрлық ойын элементтерінің әлеуметтік дағдыларды дамытуға да оң әсер ететінін көрсетті. Салыстырмалы талдау барысында ерекше білім алушылардың оқу жетістіктерінде айқын айырмашылықтар байқалды. Бақылау тобында білімді меңгеру деңгейі орта есеппен 62%-ды құраса, геймификация қолданылған топта бұл көрсеткіш 77–80%-ға жетті. Әсіресе пәнге бастапқыда қызығушылығы төмен оқушыларда

нәтиже айқын көрінді: олардың бағалары мен сабаққа қатысу белсенділігі айтарлықтай жақсарды. Статистикалық өңдеу әдістері де алынған деректердің сенімділігін растады. Геймификация қолданылған сабақтарда мотивация деңгейінің артуы ($p < 0.05$) статистикалық тұрғыдан маңызды болып шықты. Бұл әдістің тиімділігін тек сапалық тұрғыдан ғана емес, сандық дәлелдер арқылы да негіздеуге мүмкіндік берді.

Жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері ерекше білім алушылардың оқу мотивациясын арттыруда цифрлық геймификация әдістерінің маңызын терең дәлелдеп берді. Зерттеу барысында теориялық негіздер талданып, тәжірибелік зерттеу әдістері (сауалнама, бақылау, салыстырмалы талдау) арқылы алынған деректер кешенді түрде қарастырылды. Біріншіден, ғылыми әдебиеттерге жасалған шолу цифрлық геймификацияның әлемдік және отандық білім беру жүйесінде қарқынды дамып келе жатқан бағыт екенін көрсетті. Бұл әдіс оқу процесіне ойындық элементтерді енгізу арқылы білім алушылардың ішкі мотивациясын күшейтуге, оқу іс-әрекетін белсендіріп, олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік беретіні айқындалды. Әсіресе инклюзивті білім беру жағдайында геймификация әдістері ерекше білім алушылардың мүмкіндіктеріне бейімделген, икемді және тиімді тәсіл болып табылады. Екіншіден, сауалнама нәтижелері ерекше білім алушылардың басым бөлігі дәстүрлі оқыту әдістеріне қарағанда геймификацияланған сабақтарды әлдеқайда қызықты, қолжетімді және пайдалы деп бағалағанын көрсетті. Оқушылардың 78%-ы ойын элементтері (ұпай, деңгей, марапат жүйесі) олардың оқу процесіне деген ынтасын күшейткенін айтты. Сонымен қатар, 65%-ы цифрлық тапсырмалар материалды түсінуді жеңілдетіп, өз қабілеттерін ашуға мүмкіндік бергенін атап өтті. Бұл нәтижелер геймификацияның оқу мотивациясын тек сыртқы ынталандыру арқылы ғана емес, сонымен бірге ішкі қажеттілік пен өзін-өзі дамытуға ұмтылыс арқылы да арттыратынын дәлелдейді. Үшіншіден, бақылау әдісі геймификацияның оқушылардың сабаққа қатысу белсенділігін арттыруға айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті. Дәстүрлі сабақтарда жиі кездесетін енжарлық, тапсырманы орындаудан бас тарту, алаңдау секілді жағымсыз көріністер азайып, олардың орнына белсенділік, уақытында жауап беру және топтық жұмысқа қатысу деңгейі жоғарылады. Мәселен, топтық жұмысқа қатысу көрсеткіші дәстүрлі сабақтарда 60%-ды құраса, геймификацияланған сабақтарда бұл көрсеткіш 85%-ға жетті. Бұл геймификацияның тек жеке мотивацияны ғана емес, әлеуметтік өзара әрекеттесуді де дамытуға ықпал ететінін дәлелдейді. Төртіншіден, салыстырмалы талдау ерекше білім алушылардың оқу жетістіктерінің едәуір артқанын айқындады. Геймификация енгізілген топтағы білім деңгейі орта есеппен 15–18%-ға жоғарылады. Әсіресе бастапқыда пәнге қызығушылығы төмен оқушылардың үлгерімі мен белсенділігі айтарлықтай жақсарды. Бұл көрсеткіш геймификация әдістері оқушылардың оқу процесіндегі жеке ерекшеліктерін ескеруге, әрқайсысына дара қолдау көрсетуге мүмкіндік беретінін растайды. Бесіншіден, зерттеу барысында геймификацияның әлеуметтік бейімделу үдерісіне де оң ықпал ететіні анықталды. Ерекше білім алушылар сабаққа белсенді араласу барысында бір-бірімен қарым-қатынас

орнатуға, пікір алмасуға, өзара көмек көрсетуге бейімделе бастады. Бұл олардың әлеуметтік дағдыларын нығайтып қана қоймай, инклюзивті ортада өзін жайлы сезінуіне мүмкіндік берді. Алтыншыдан, статистикалық өңдеу нәтижелері алынған деректердің сенімділігін дәлелдеді ($p < 0.05$). Бұл зерттеу қорытындыларының ғылыми тұрғыда негізді екенін және тәжірибелік білім беру ісінде қолдануға болатындығын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері ерекше білім алушылардың мотивациясын арттыруда геймификацияның тиімділігін айқындап қана қоймай, мұғалімдер үшін нақты әдістемелік бағыттарды да ұсынуға мүмкіндік береді. Инклюзивті сынып жағдайында қолдануға болатын негізгі ұсыныстар: Геймификация элементтерін енгізу кезінде оқушылардың қабілет деңгейін, психологиялық ерекшеліктерін және оқу қарқынын міндетті түрде ескеру қажет. Әр оқушыға жетістікті сезіндіретін тапсырмалар беру – мотивацияны арттырудың басты тетігі. Ұпай жинау, бейдждер, марапаттау жүйесі және деңгейлік өсу сияқты элементтерді сабақтың тұрақты бөлігіне айналдыру ұсынылады. Ойындық элементтерді тек «көңіл көтеру» құралы ретінде емес, нақты оқу мақсаттарына бағыттау маңызды. Ерекше білім алушыларға ыңғайлы интерфейсі бар қосымшалар мен платформаларды қолдану ұсынылады. Құралдардың қарапайым, түсінікті және қолжетімді болуы оқушылардың артық кедергісіз оқу процесіне енуіне көмектеседі. Геймификация тек жеке жетістікке емес, топтық жұмысқа да бағытталуы тиіс. Бірлескен тапсырмалар, командалық ойындар оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мотивацияны қолдау және марапаттау жүйесін әртараптандыру Тек қана ұпай немесе баға емес, сонымен қатар мадақтау сөздері, виртуалды сертификаттар, оқушының жетістігін бүкіл сынып алдында атап өту де маңызды. Бұл әдіс балалардың өзін-өзі бағалауын арттырып, топтағы сенімділікті күшейтеді.

Геймификация дәстүрлі оқытуды толық алмастырмауы тиіс. Ең тиімді әдіс – дәстүрлі және цифрлық тәсілдерді үйлестіре қолдану. Мысалы, теориялық материалды түсіндіру дәстүрлі әдіспен беріліп, бекіту кезеңінде ойындық тапсырмалар қолданылуы мүмкін. Мұғалім оқушылардың прогресін тексеріп қана қоймай, олардың жетістіктерін атап өтіп, алдағы қадамдар бойынша кеңес беруі керек. Кері байланыс нақты, қолдау көрсететін сипатта болғаны дұрыс. Ерекше білім алушыларға бәсекелестіктің тым қатаң болмауын қадағалау қажет.

«Жеңілгендер» сезімін болдырмау үшін әр қатысушының жетістігін мойындау маңызды. Геймификация арқылы оқушыларға өз нәтижелерін бақылауға мүмкіндік беру (мысалы, жеке рейтинг, прогресс-карта). Бұл тәсіл оқушылардың жауапкершілік сезімін арттырып, өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастырады. Геймификацияны тиімді қолдану үшін мұғалімдерге арнайы семинарлар мен тренингтер ұсынылады. Цифрлық педагогика саласында біліктілікті үздіксіз жетілдіру оқу процесінің сапасын арттырады.

Жалпы қорытындылай келе, цифрлық геймификация әдістерін қолдану ерекше білім алушылардың оқу мотивациясын арттырудың, танымдық белсенділігін дамытудың және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз етудің пәрменді құралы болып табылады. Ол оқушылардың өзін-өзі бағалауына, оқу процесіне жағымды көзқарас қалыптастыруына ықпал етеді, сонымен бірге

педагогтерге білім беруді дараландыруға және әрбір оқушыға жеке қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі тұжырымдар жасауға болады: цифрлық геймификация оқу процесінде мотивацияны арттырудың тиімді тетігі болып табылады; ерекше білім алушылар үшін геймификация оқу материалын меңгеруді жеңілдетеді, олардың белсенділігін тұрақтандырады және пәнге қызығушылығын күшейтеді; ойын элементтері әлеуметтік дағдыларды дамытуға, ынтымақтастықты арттыруға және оқушылардың өзара қолдауына ықпал етеді; цифрлық технологиялар оқыту процесін дараландыруға мүмкіндік беріп, ерекше білім алушылардың қабілеті мен мүмкіндігін толық пайдалануға жағдай жасайды. Осыған байланысты болашақта инклюзивті білім беру жүйесінде цифрлық геймификация әдістерін кеңінен енгізу қажеттілігі айқындалды. Педагогтерді геймификацияны тиімді қолдануға үйрету, әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу және әртүрлі пәндер мен сынып деңгейлерінде бұл әдісті бейімдеп пайдалану — білім беру сапасын арттырудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Токжигитова А.Н., Ермаганбетова М.А., Токжигитова Н.К. Геймификация элементтері арқылы білім алушылардың белсенділігін анықтау // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2023. – №144-3. – Б. 253–261. – URL: <https://bulpedps.enu.kz/index.php/main/article/view/165>
2. Абдыкеримова Э.А., Калиева Г.А. Білім беру жүйесінде геймификация құралдарын қолданудың мүмкіндіктерін талдау // Yessenov Science Journal. – 2024. – №48-3. – URL: <https://journal.yu.edu.kz/index.php/yl/article/view/30>
3. Баумуратова Д., Жукабаева Т., Adali E., Ниетбаева Н. Инклюзивті білім беруде жекелендірілген оқытуды қалыптастырудағы геймификацияның рөлі // Вестник НИА РК. – 2025. – №1 (95). – ISSN 2709-4707. – URL: <https://journal.neark.kz/kk/rol-gejmifikaczii-v-formirovanii-personalizirovannogo-obucheniya-v-inklyuzivnom-obrazovanii/>.
4. Есет А.А., Турганбаева А.Р. Геймификацияның бағдарламалау тілін оқытудағы маңыздылығы // Молодой ученый. – 2024. – №218 (25). – URL: <https://www.xn—8sbempclwd3bmt.xn—plai/article/21825>.
5. Hussein E., Kan'an A., Rasheed A., et al. Exploring the impact of gamification on skill development in special education: A systematic review // Contemporary Educational Technology. – 2023. – Vol. 15, No. 3. – Article ep443. – DOI: 10.30935/cedtech/13335. – URL: <https://www.cedtech.net/article/exploring-the-impact-of-gamification-on-skill-development-in-special-education-a-systematic-review-13335>.
6. Honorato N., Soltiyeva A., Oliveira W., Hamari J., et al. Gameful strategies in the education of autistic children: a systematic literature review, scientometric analysis, and future research roadmap // Smart Learning Environments. – 2024. – Vol. 11, Article 25. – DOI: 10.1186/s40561-024-00309-6. – URL: <https://slejournal.springeropen.com/articles/10.1186/s40561-024-00309-6>.

7. Cai M., Akcayir G., Demmans Epp C. Exploring Augmented Reality Games in Accessible Learning: A Systematic Review. – 2021. – arXiv preprint. – URL: <https://arxiv.org/abs/2111.08214> .

8. Tomé Klock A.C., Salánave Santana B., Hamari J. Ethical Challenges in Gamified Education Research and Development: An Umbrella Review and Potential Directions. – 2023. – arXiv preprint. – URL: <https://arxiv.org/abs/2309.14918> .

9. Toda A.M., Klock A.C.T., Oliveira W., et al. Analysing gamification elements in educational environments using an existing gamification taxonomy. – 2020. – arXiv preprint. – URL: <https://arxiv.org/abs/2008.05473> .

ӘОЖ 376

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЛОГОПЕДИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТА «DANA BALA» ҚОБДИША ӘДІСТЕМЕСІН ҚОЛДАНУ

Жанарбек Ж. Ж., Бектурганова И. А.

ғылыми жетекші: Байчинов Р.Т. сениор-лекторы, ғылым магистрі.
Сәрсен Аманжоловатындағы Шығыс Қазақстан университеті КЕАҚ
e-mail: zhuldyz.zhanarbek@bk.ru

Қазіргі таңда мектепке дейінгі жастағы балалардың сөйлеу дағдыларын дамыту мәселесі өзекті болып табылады. Ерте жастағы сөйлеу бұзылыстарының алдын алу және түзету жұмыстары баланың болашақтағы когнитивтік, әлеуметтік және психологиялық дамуына тікелей әсер етеді. Осы тұрғыда инновациялық әдістемелерді енгізу ерекше маңызға ие. «Dana bala» қобдишасы – артикуляциялық, нейро және тыныс алу жаттығуларын қамтитын тиімді әдістемелік құрал болып табылады. Бұл мақалада мектепке дейінгі логопедиялық жұмыста аталмыш әдістемені қолданудың теориялық және практикалық аспектілері қарастырылады.

1. Логопедиялық жұмыстың мектепке дейінгі балалар үшін маңызы

Логопедиялық жұмыстардың негізгі мақсаты – баланың сөйлеу дағдыларын дұрыс қалыптастыру және сөйлеу бұзылыстарын алдын алу. Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, сөйлеу кемшіліктерін ерте кезеңде түзету болашақтағы оқу жетістіктері мен әлеуметтік бейімделуге оң әсер етеді. Логопедиялық жұмыстың негізгі бағыттары:

- Артикуляциялық аппараттың дамуын қамтамасыз ету;
- Сөйлеу моторикасын жетілдіру;
- Фонематикалық есту қабілетін дамыту;
- Лексикалық және грамматикалық құрылымдарды меңгеруін қолдау;
- Балалардың сөздік қорын дамыту және сөйлеу қарқынын реттеу;
- Логопедиялық ойындар арқылы тілдік дағдыларды жетілдіру.

2. «Dana bala» қобдиша әдістемесінің теориялық негіздері

«Dana bala» қобдишасы сөйлеу бұзылыстарын түзету мен алдын алуға бағытталған ғылыми негізделген әдістеме болып табылады. Бұл әдістеме төмендегі теориялық қағидаттарға сүйенеді:

- Психолінгвистика теориясы (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев) – сөйлеуді психикалық үдеріс ретінде қарастырады;
- Сенсомоторлық теория (Ж. Пиаже) – сөйлеу дағдыларының сенсомоторлық дамуға тәуелділігін анықтайды;
- Нейропсихологиялық негіздер (А.Р. Лурия) – мидың сөйлеу қызметімен байланысын сипаттайды;
- Қазіргі заманғы логопедиялық әдістер (Р. Левина, Н. Чуковская) – сөйлеу бұзылыстарын түзету жолдарын ұсынады;
- Балалар психологиясы (Э. Эриксон, Ж. Брунер) – баланың даму сатылары мен сөйлеу қабілетін дамытудың психологиялық негіздерін зерттейді.

3. «Dana bala» қобдишасының құрылымы мен қолдану ерекшеліктері

«Dana bala» қобдишасы сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған кешенді әдістемелік құрал болып табылады. Оның құрамына келесі элементтер кіреді:

- Артикуляциялық жаттығулар – табиғи тастарға сөйлеу тілі аппаратының бұлшық еттерін шынықтыратын, оның мүшелерінің қимыл-қозғалыстарын қалыптастыратын және нығайтып, жетілдіретін арнайы жаттығулар суреті жабыстырылған. Бұл дыбыстарды дұрыс айтуды, бала тілінің анық шығуын, қолдың ұсақ моторикасын дамытуға көмектеседі.

- Тыныс алу жаттығулары – аэробол, сиқырлы бұлт және «ғарыш әлеміне саяхат» атты логопедиялық тыныс алу тренажерлары. Сөйлеу тынысын ерте жастан қалыптастыру дыбыстың айтылуын да, жалпы сөйлеуді де дұрыс дамытуға негіз жасайды. Сондай-ақ, логопедияда тыныс алу жаттығулары френокостальды тыныс алуды қалыптастыру, тұтықпаны және басқа да бұзылуларды түзету үшін қолданылады.

• Нейрожаттығулар:

- «Саусақ қимылдар» жинағы балаға координацияны және саусақ қимылдарын ауыстыруды меңгеруге көмектеседі. Балаға фигуралардың визуалды-ым-ишара жолын салуын және оларды қайталауын сұраңыз. Бір уақытта екі қолмен әртүрлі қимылдарды орындауын сұраңыз.

- «Ұшақ құрастыру» ойыны – кнопкаларды тізбек бойынша құрастыру. Кнопкаларды дұрыс орналастыру балалардың қол мен саусақтардың икемділігін арттырады. Үлгіге қарап, заттарды дұрыс орналастыру балалардың логикалық ойлауын және жоспарлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

- «Керікті сандар бойынша жина» пазл: Пазл балалардың логикалық ойлау қабілетін, проблемаларды шешу дағдыларын және назарын дамытуға көмектеседі. Сандық түсініктерді қалыптастыру: сандарды визуалды түрде көру арқылы балалар сандық ұғымдарды жеңіл қабылдайды, есептеу және салыстыру дағдыларын жетілдіреді. Моторика мен үйлестіруді дамыту: пазлды жинастыру процесі балалардың ұсақ моторикасын және қол мен көздің үйлесуін жақсартады. Төзімділік пен шыдамдылықты арттыру: пазлды шешу барысында балалардың шыдамдылық көрсетуі, мақсатқа жету үшін еңбек етуі үйренеді.

«Dana Bala» қобдишасын қолдану ерекшеліктері:

Жеке және топтық сабақтарда қолдану: Бұл әдістемені логопедтер, дефектологтар, тәрбиешілер және ата-аналар жеке немесе топтық сабақтарда қолдана алады.

Ойын түрінде жүзеге асыру: Жаттығуларды ойын түрінде өткізген кезде балаларға қызықты әрі тиімді болады.

Технологиялық интеграция: «Dana Bala» әдістемесіне арналған сайттың маңызы. «Dana Bala» әдістемесі бойынша арнайы әзірленген сайт педагогтер, логопедтер және ата-аналар үшін қолайлы құрал болып табылады. Сайттың негізгі мүмкіндіктері:

Жаттығулардың интерактивті нұсқалары – балаларға қызықты әрі тиімді үйренуге көмектеседі.

Әдістемелік нұсқаулықтар – педагогтер мен ата-аналарға арналған нақты ұсыныстар беріледі.

Кері байланыс – ата-аналар мен мамандар бір-бірімен тәжірибе алмасып, сұрақтарына жауап ала алады.

Сайттың білім беру саласындағы рөлі

Педагогтер үшін: Логопедтер мен дефектологтар үшін дайын жаттығулар жинағы ұсынылады.

Ата-аналар үшін: Балалармен үй жағдайында жұмыс істеу оңай әрі тиімді болады.

Балалар үшін: Ойын түрінде жасалған жаттығулар мотивацияны арттырады. Қосымша ретінде мобильді қосымшалар мен интерактивті құралдарды пайдалану ұсынылады.

Ата-аналардың қатысуы: Баланың дамуын жылдамдату үшін ата-аналарға арналған арнайы нұсқаулықтар беріледі.

4. «Dana bala» қобдишасының тиімділігі

Ғылыми зерттеулер мен практикалық деректер «Dana bala» қобдишасының тиімділігін дәлелдейді. Бұл әдістеменің нәтижелері:

- Балалардың артикуляциялық аппаратындағы өзгерістер;
- Дыбыстық және интонациялық құрылымдардың жақсаруы;
- Сөздік қорының кеңеюі және сөйлеу жылдамдығының артуы;
- Оқу дағдыларының жақсаруы мен әлеуметтік бейімделудің жоғарылауы;
- Балалардың өзіне деген сенімділігінің артуы.

Қорытынды

Қорыта келе, «Dana bala» қобдишасы мектепке дейінгі логопедиялық жұмыста инновациялық және ғылыми негізделген әдістеме ретінде жоғары тиімділік көрсетеді. Артикуляциялық, нейро және тыныс алу жаттығуларының үйлесімді кешені баланың сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етіп, коммуникативтік мүмкіндіктерін арттыруға септігін тигізеді. Білім беру ұйымдарында логопедиялық қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін «Dana bala» қобдишасын кеңінен енгізу ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Выготский Л.С. Мышление и речь. – М.: Педагогика, 2023.
2. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. – М.: Академия, 2021.
3. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. – СПб.: Питер, 2023.

4. Smith J., Brown K. Early Childhood Speech Development: Strategies and Interventions // Journal of Child Psychology, 2022.
5. Johnson L. Innovative Methods in Speech Therapy for Preschool Children // International Journal of Pediatric Otorhinolaryngology, 2023.
6. Davis P. Articulation Exercises and Their Impact on Early Speech Development // Early Childhood Research Quarterly, 2021.
7. Арбабаева А.Т., Серік Г. Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалардың сөйлеу әрекетін дамыту жолдары. – Қарағанды, 2023.
8. Ахметжанова Ж., Амантаева С.А. Балалардың сөйлеу дағдыларын түзету әдістері. – Алматы, 2024.
9. Miller H. Integrating Breathing Techniques in Speech Therapy for Young Children // Journal of Speech-Language Pathology, 2023.
10. Леонтьев А.Н. Психолінгвистика. – М.: Наука, 2022.



УДК 669.162.214

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ
БҰЗЫЛЫСТАРЫН ТОПТАСТЫРУ ЖҮЙЕСІ (ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

Жомартова Б.М

ғылыми жетекші: Матаева Б. У., сениор-лектор, магистр
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: zomartovabota76@gmail.com

Мектеп жасына дейінгі балалар - баланың туғанынан мектепке барғанға дейінгі жас аралығындағы балаларды сияптайтын топ. Олар 2 – 3 жастан бастап өзара қарым – қатынаста болып, мектепке өздігінше тәжірибе жинақтап барады. Оларды әлеуметтік тұрғыдан да қарағанымыз дұрыс. Себебі оның өскен ортасы,

денсаулығы, үй — тұрмысы, әлеуметтік — адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруына, сол туылған күнінен бастап

6 – 7 жас аралығындағы (мектепке барғанға дейінгі) баланың жалпы дамуына да байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларға тән қасиеттер:

- Біріншіден, осы жастағы балалар өзіне негізгі өмірлік қажеттілікті ересектердің көмегі арқылы қанағаттандырады.

- Екіншіден, материалдық, рухани, қызығушылық қажеттілігін отбасынан алады.

- Үшіншіден, бұл жастағы балалар қолайсыз жағдайда өзін – өзі қорғай алмайды. [3].

Сөйлеу тілі — бұл адамдардың өзара қарым-қатынас жасау, ақпарат алмасу және ойларын білдіру үшін қолданатын тілдің ауызша формасы. Ол дыбыстар арқылы жүзеге асып, белгілі бір грамматикалық ережелерге сәйкес құралады. Сөйлеу тілі сөздерден, сөйлемдерден, интонациядан және сөздің айтылу ритмінен тұрады.

Сөйлеу тілі екі негізгі қызмет атқарады:

1. Коммуникативтік қызмет – адамдар арасындағы ақпарат алмасу.

2. Экспрессивтік қызмет – жеке эмоцияларды, көңіл-күйді білдіру.

Сөйлеу тілі адамның ойлау қабілетінің дамуымен тікелей байланысты және тұлғааралық қарым-қатынаста маңызды рөл атқарады. [1].

Сөйлеу тілі бұзылысы — сөйлеу қабілетінің психофизиологиялық механизмінің бұзылу салдарынан сөйлеушінің сөйлеу тілінің қоршаған ортаға тән мөлшерден ауытқуын айтады. Коммуникативті теория бойынша сөйлеу тілі бұзылысы – ол вербальды қатынастың бұзылуы деп есептеледі.

Сөйлеу тілінің бұзылуы төмендегідей белгілерімен сипатталады:

- * өз бетінше жоғалмайды, қайта бекиді;

- * логопедиялық ықпал жасауды талап етеді;

- * сөйлеушінің жасына сәйкес келмейді,

- * баланың одан ары дамуына жағымсыз әсерін тигізеді.

- * тіл білмейтіндік, диалектизм тіл кемістігі болып саналмайды.

Мұндай сипаттама сөйлеу тілінің бұзылыстарын баланың жас ерекшеліктерінен, бала мен ересектердің уақытша сөйлеу тілінің бұзылыстарынан, диалектілерден ажыратуға мүмкіндік береді.

Логопедияда тіл бұзылысын білдіретін «сөйлеу тіл кемістігі», «тіл ақаулығы», «сөйлеу патологиясы», «сөйлеу тілінің ауытқуы, «сөйлеу тілінің бұзылысы» және «сөйлеу тіл дамымауы» деген ұғымдар қолданылады. [2].

Баланың сөйлеу тілінің бұзылуының себептері:

1. Сөйлеу тілінің ең ауыр кемістіктері іштегі нәрестенің 4 апталық пен 4 айлық аралығындағы дамуының бұзылуынан пайда болады. Іштегі нәрестенің дамуының бұзылуына анасының екіқабат кезіндегі токсикоз, вирусты және басқада аурулар әсер етуі мүмкін;

2. Босану кезіндегі жарақаттану және босану кезіндегі балаға ауа жетпеуі;

3. Бала өмірінің алғашқы жылдарындағы әртүрлі аурулар;

4. Бала сүйегінің жарақаттануы;
5. Тұқым қуалаушылық факторлар;
6. Әлеуметтік тұрмыстық жағдайлардың қолайсыздығы.

Қазіргі кездегі логопедияда бірін-бірі толықтыратын тіл кемістіктерін жіктеудің екі түрі бар: *клиникалық-педагогикалық* және *психологиялық-педагогикалық*.



Клиникалық-педагогикалық жіктеу тіл кемістіктерінің анатомиялық-физиологиялық механизміне және осы кемістіктерінің пайда болу себептеріне бағытталған. Бұл жіктеу тіл кемістіктерін бір белгілі сырқатқа байланыстырмайды, түзету жолдарын қарастырады. Жіктеудің негізіне психологиялық-лингвистикалық және клиникалық өлшемдері алынған.

Клиникалық - педагогикалық жіктеме тұрғысынан сөйлеу тілі бұзылысының барлық түрлері сөйлеу тілінің қай түрі бұзылғанына қарай екі топқа бөлінеді – ауызша не жазбаша.

Ауызша сөйлеу тілі екі топқа жіктеледі:

1. Сөйлеу тілінің айтылу жағы: дислалия, дизартрия, дисфония, ринопалалия, тұтығу, брадилалия, тихилалия.

2. Сөйлеу тілінің жүйелі бұзылыстары: алалия, афазия.

Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы: дислексия, дисграфия.

Психологиялық-педагогикалық жіктеу кейіннен сөйлеу тілінің бұзылыстарын клиникалық тұрғыдан қарастырғанды сындық талдау нәтижесінде пайда болған. Бұл жіктеудің негізіне сөйлеу тілінің жүйесінің құрылым компоненттері ескерілген (сөйлеу тілінің дыбыстық, лексикалық, грамматикалық жағы), сөйлеу әрекетінің түрлерінің қатынасы (ауызша және жазбаша түрі).

Осы жіктеу бойынша сөйлеу тілінің бұзылыстары екі топқа бөлінеді:

1. Қарым-қатынас құралының бұзылуы: сөйлеу тілінің фонетика-фонематикалық дамымауы (ФФД), жалпы сөйлеу тілінің дамымауы (ЖСТД).

2. Қатынас құралының қолдану кезінде бұзылуы

Клиникалық-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық жіктемелердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары:

Ұқсастықтары:

1. Мақсат: Екеуі де білім беру процесін жетілдіруге бағытталған.

2. Зерттеу нысаны: Оқушылардың дамуы, психологиялық ерекшеліктері және оқу барысында туындайтын қиындықтар.

3. Кәсіби араласу: Психологтар мен педагогтардың бірлесіп жұмыс істеуі.

Айырмашылықтары:

1. Клиникалық-педагогикалық: Негізінен арнайы қажеттіліктері бар балаларға (инклюзивті білім беру) бағытталған. Психикалық және физикалық денсаулыққа көңіл бөледі.

2. Психологиялық-педагогикалық: Жалпы білім беретін мектептерде психологиялық аспектілерді зерттейді, оқушылардың танымдық, эмоциялық және әлеуметтік дамуына назар аударады.

Клиникалық–педагогикалық жіктеме медицина мен логопедияның әрекеттестігіне негізделген. Бұл жіктемеде психологиялық – лингвистикалық критерийлер бастапқы роль атқарады. Солардың негізінде негізгі топтар, тіл кемістіктерінің түрлері, формалары ажыратылады. Осы критерийлер тіл кемістіктер жайында толық көрініс береді. Қазір ғылымның қарқынды дамуына байланысты сөйлеу тілі, психикалық, физиологиялық механизмдері туралы білімнің нығаюына және логопедиядағы жаңа зерттеулерге байланысты сөйлеу тілі бұзылыстарын жіктеуде өзгерістер енгізілді. Қазіргі таңда логопедиялық мекемелерді құру негізі ретінде және түзету жұмысының фронтальды әдістерін қолдану үшін сөйлеу тілі бұзылыстарының психологиялық-педагогикалық жіктеме пайдаланылады. Оны Р.Е.Левина құрастырған. [4].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Өмірбекова Қ.Қ., Г.С. Оразаева, Г.Н. Төлебиева, Г.Б. Ибатова Логопедия. - Алматы, 2011. - 67 с.

2. Омарова Г.Ә. Арнайы педагогика және логопедия пәнінен оқу-әдістемелік құрал. - Шымкент, 2015. -11 с.

3. Өмірбекова Қ.Қ., Г.Н.Төлебиева, Г.М.Коржова, Г.С.Оразаева, Логопедия негіздері. –Алматы, 2014. –16 с

УДК 669.162.214

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ
ТӘРБИЕЛЕЙТІН ОТБАСЫЛАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ
ОНЫ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Жомартова Б.М.

ғылыми жетекшісі: Матаева Б. У., сениор-лектор, магистр
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан
e-mail: zomartovabota76@gmail.com

Қазіргі таңда қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мәселесі өзекті болып отыр. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар (АБК) балаларды тәрбиелейтін отбасылардың рөлі ерекше маңызды, себебі олардың әлеуметтенуі мен дамуы ең алдымен отбасындағы қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайға байланысты. Мұндай отбасылардың педагогикалық әлеуетін арттыру – тек бала үшін ғана емес, қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы үшін де маңызды міндеттердің бірі.

Бұл зерттеудің өзектілігі – мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылардың педагогикалық әлеуетін жан-жақты қарастырып, оны дамыту жолдарын ғылыми негіздеу болып табылады.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балалардың дамуы қалыпты құрдастарына қарағанда баяу жүреді немесе белгілі бір шектеулермен ерекшеленеді. Мұндай жағдайдағы ата-аналарға қосымша педагогикалық білім мен қолдау қажет.

Зерттеушілердің пікірінше (Л.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн), дамуында кемістігі бар балаларды тәрбиелеуде отбасылық қолдау жүйесі негізгі фактор болып табылады. Бала тұлғасының дамуы ата-ананың тәрбиелік ықпалына, эмоционалды қолдауына және педагогикалық сауаттылығына тікелей тәуелді.

Педагогикалық әлеует – бұл отбасының баланы тәрбиелеу мен дамытуға бағытталған білімдік, тәрбиелік, әлеуметтік мүмкіндіктерінің жиынтығы.

Оның негізгі құрамдас бөліктері:

- ата-аналардың педагогикалық мәдениеті;
- балаға эмоционалды-психологиялық қолдау көрсету деңгейі;
- білім беру процесіне қатысу белсенділігі;
- әлеуметтік ортадағы бейімделу мүмкіндіктерін қамтамасыз етуі.

Алайда, арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелейтін отбасылардың педагогикалық әлеуеті әрдайым жеткілікті деңгейде дамымаған. Бұған педагогикалық білімнің жетіспеуі, эмоционалды күйзеліс, қоғам тарапынан түсінбеушілік әсер етеді.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелейтін отбасылардың әлеуетін арттыру үшін келесі бағыттар тиімді болып табылады:

1. Педагогикалық ағарту жұмыстары – ата-аналарды арнайы педагогика, логопедия, дефектология негіздерімен таныстыру.

2. Психологиялық қолдау – ата-аналардың эмоционалды жағдайын тұрақтандыру, отбасындағы қарым-қатынасты жақсарту.

3. Инклюзивті білім беру ортасымен өзара байланыс – ата-аналардың мектеппен, логопедпен, дефектологпен және әлеуметтік педагогпен жүйелі қарым-қатынас орнатуы.

4. Қоғамдық ұйымдармен серіктестік – арнайы балаларға арналған орталықтарға, қоғамдық бірлестіктерге қатысу арқылы әлеуметтік қолдауды күшейту.

5. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану – онлайн-ресурстар арқылы білім алу, үй жағдайында дамыту жаттығуларын ұйымдастыру.

Қазіргі педагогикалық тәжірибеде АБҚ балаларды тәрбиелейтін отбасыларға мынадай заманауи әдістер кеңінен енгізілуде:

- Тренингтер мен шеберлік сабақтары – ата-аналардың тәрбиелік дағдыларын жетілдіру;
- Қашықтықтан кеңес беру – Zoom, WhatsApp платформалары арқылы педагогикалық және психологиялық қолдау;
- Интерактивті ойындар мен мультимедиялық құралдар – балалардың тілдік және когнитивтік дамуын қолдау;
- Смарт-технологиялар – баланың даму динамикасын бақылауға арналған бағдарламалар.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелейтін отбасылардың педагогикалық әлеуетін дамыту – кешенді әрі жүйелі қолдауды талап ететін маңызды мәселе.

Педагогикалық әлеуеттің жоғары болуы балаға сапалы тәрбие мен білім беруге мүмкіндік жасап қана қоймай, оның әлеуметтенуіне, қоғамға бейімделуіне де ықпал етеді. Сондықтан ата-аналарға педагогикалық білім беру, психологиялық қолдау көрсету және заманауи технологияларды қолдану – отбасылық тәрбиенің тиімділігін арттырудың басты тетіктері болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаева Ә. Логопедия негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2017.
2. Әбішева Б., Мұратбекова А. Сөйлеу тілінің дамуы және оны түзету жолдары. – Алматы: Білім, 2019.
3. Bilimger.kz – Арнайы педагогикаға арналған электрондық ресурс.

ӘОЖ 376.35

ЦЕРЕБРАЛДЫ САЛ АУРУЫ БАР БАЛАЛАРДАҒЫ БАЛАМАЛЫ СӨЙЛЕУ ҰҒЫМЫ

Кәкенова М.Ж., Манарбекқызы М.

ғылыми жетекшісі: Смаилова Ж.У., сениор-лектор, психология магистрі

С.Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ., Қазақстан

e-mail: ¹kakenovamoldir75@gmail.com, ²manarbekkyzymeruert@gmail.com

Балалардың церебралды сал ауруы (БЦС) – баланың орталық жүйке жүйесі ерте жаста зақымданған кезде пайда болатын және негізінен қозғалыс функцияларының бұзылуымен сипатталатын созылмалы аурулар тобы. БЦС тек

қана моторикаға әсер етпейді, сонымен бірге сөйлеу тіліне, когнитивтік қабілеттеріне және психоэмоциялық дамуына да теріс әсер етеді [1].

Церебральды сал ауруы - бұл баланың жүйке жүйесі мен миының зақымдануы нәтижесінде пайда болатын қозғалыс және сөйлеу бұзылыстарымен сипатталатын диагноз [1]. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В. өз еңбектерінде БҚС ауруы бар балалардағы сөйлеу бұзылыстарының себептерін сипаттайды, олардың арасында келесі мәселелер бар:

- БҚС бар балалардың 85%-ға жуығында сөйлеу тілі дамуының түрлі деңгейдегі бұзылыстары бар.

- Дизартрия, артикуляция моторикасының әлсіздігі, сөйлеу аппараты бұлшықеттерінің қатайып қалуы жиі байқалады.

- Тыныс алу, дауыс шығару, дыбыстарды дұрыс айту қиындығы қосымша кедергілер тудырады.

Церебральды сал ауруы бар балалардағы сөйлеу дамуының кешеуілдеуінің себептері: ұрықтың дамуы кезінде пайда болатын неврологиялық зақымданулар, босану кезіндегі асқынулар немесе өмірдің алғашқы жылдарындағы жарақаттар.

БҚС бар балаларда сөйлеудің тежелуі тек моторлық қиындықтарға байланысты емес [1]. Негізгі себептер мыналар болуы мүмкін:

1. Дизартрия – артикуляциялық бұлшықеттердің әлсіздігіне байланысты сөйлеудің бұзылуы.

2. Апраксия – сөйлеу қимылдарының жоспарлануы мен орындалуындағы бұзылыстар.

3. Когнитивтік даму ерекшеліктері – интеллектуалды тежелу, есте сақтау және ойлау қабілеттерінің ерекшеліктері.

4. Психологиялық факторлар – балада қарым-қатынас тәжірибесінің болмауы немесе сенімсіздік.

5. Медициналық факторлар – көру немесе есту қабілетінің бұзылыстары, жиі өткізілетін операциялар, неврологиялық асқынулар [1].

Бұл себептер баланың қарым-қатынас орнату мүмкіндігін төмендетеді. Сөйлеу тілінің болмауы немесе айқын тежелуі – БҚС ауруы қойылған балалардың ең үлкен қиындықтарының бірі. Мұндай балалардың қажеттіліктерін түсіну және олармен қарым-қатынас орнату ата-аналар мен мамандар үшін үлкен сынаққа айналады. Сондықтан логопедтер, дефектологтар және ата-аналар баланың даму деңгейіне сай коммуникация құралдарын таңдап, енгізуі тиіс. Осы жерде баламалы және қосымша коммуникация (БҚК) жүйелері маңызды рөл атқарады [2].

Баламалы және қосымша коммуникация (БҚК) – сөйлеу тілі болмаған немесе шектеулі болған жағдайда қолданылатын баламалы қарым-қатынас құралдары мен әдістерінің жиынтығы. Бұл жүйелер арқылы бала айналасындағы адамдармен қарым-қатынас орнатып, өз ойын білдіре алады, өз қажеттіліктерін жеткізе алады [2].

Баламалы сөйлеу – бұл баланың ауызша сөйлеуі болмаған жағдайда қолданылатын кез келген қарым-қатынас құралы. Бұл тек қана ым-ишара немесе мимика емес, сонымен бірге:

- Суреттер мен карточкалар (PECS әдісі);

- Коммуникациялық тақталар немесе кітапшалар;
- Электронды құрылғылар, планшеттер, сөйлейтін батырмалар;
- Жеке символдар мен пиктограммалар;
- Көзқараспен таңдау әдістері (eye-tracking технологиясы) [3],[4].

БҚК жүйелері сөйлеуді толығымен алмастыру үшін емес, баланың қоғамда өз ойын жеткізуін қамтамасыз ету үшін енгізіледі. Көп жағдайда бұл әдістер сөйлеуді дамытуға көмекші құрал болып табылады [2].

Кесте 1 - Баламалы және қосымша коммуникация құралдары

Құрал	Сипаттамасы	Қолданылу мысалы
Ым-ишара және мимика	Қарапайым қимылдар арқылы ойды жеткізу	Қол бұлғап шақыру
PECS карточкалары	Суреттер арқылы тілектің орындалуын сұрау	«Су» карточкасын беру
Коммуникаторлар	Дыбысы бар батырмалар немесе планшеттер	Батырманы басып «Ойнағым келеді» деу
Пиктограммалар	Қарапайым таңбалар	«Туалет» белгісі
Көзқараспен таңдау	Қозғалысы шектеулі балаларға арналған	Қалаған суретке қарау

Бұл құралдардың барлығы баланың сөйлеу тілі болмаған жағдайда негізгі қарым-қатынас арнасына айналады [4]. Баламалы және қосымша коммуникация (AAC — Augmentative and Alternative Communication) сөйлеу мүмкіндігі шектеулі адамдарға қарым-қатынас жасауға көмектесетін барлық әдістер жиынтығын білдіреді. Оларға мыналар жатады:

- Көмексіз БҚК (Unaided AAC). Арнайы құралсыз жасалатын жүйелер — мимика, қимыл, ым.

- Көмектесетін БҚК (Aided AAC). Арнайы құралдарды қолдану — сурет тақталары, планшеттер, дыбыс генерациялайтын құрылғылар.

Бұл әдіс баланың ауызша сөйлеуін алмастырмайды, керісінше қарым-қатынас жасау мүмкіндігін кеңейтеді.



Баламалы сөйлеуді енгізу қағидалары:

1. Жеке тәсіл – әр балаға оның ерекшеліктеріне сәйкес әдіс таңдау [2]
2. Кезеңдік жұмыс – алдымен қарапайым суреттер, кейін күрделі құрылғылар.
3. Күнделікті өмірде қолдану – қарым-қатынас әдістерін үйде, балабақшада және қоғамдық орындарда пайдалану.
4. Мамандардың бірлескен еңбегі – логопед, дефектолог, психолог және ата-ананың өзара байланысы [1],[2].
5. Мотивация – баланы мақтау арқылы әдістерді қызықты ету.

Бастапқыда церебральды сал ауруы бар балалармен тек ортопедтер айналысты; кейін медицинаның дамуымен мұндай балаларды оңалту дефектологтар мен логопедтердің қосылуының арқасында тиімдірек және жан-жақты болды.

Дефектологтың негізгі міндеті - жоғары психикалық функцияларды дамыту, ал логопедтің қарым-қатынас пен сөйлеуді дамыту. Церебральды сал ауруына шалдыққан балалардың көпшілігі ауызша сөйлеуді меңгере алмайды. Е.Ф. Архипова атап өткендей: «ауызша сөйлеу көп жағдайда мұндай балалар үшін қол жетімсіз, бірақ ол баланың когнитивті және эмоционалдық дамуында маңызды рөл атқарады және әлеуметтік өзара әрекеттестіктің негізі болып табылады» [5].

Баламалы коммуникацияның кең ауқымы бар: ым-ишара жүйелері, карталар мен пиктограммалар, көз трекерлері, пернетақталар мен түймелер. Әр балаға физикалық және интеллектуалдық мүмкіндіктеріне қарай тип беріледі. Баламалы коммуникацияны таңдау үшін церебральды сал ауруының формаларын есте сақтау маңызды.

Коррекциялық мұғалімдер қолданатын ең танымал классификацияны 1973 жылы К.А.Семенова жасаған. К.А.Семенова церебральды сал ауруының бес түрін анықтады: спастикалық диплегия, қос гемиплегия, гемипаретикалық нысаны, гиперкинетикалық түрі, атоникалық-астатикалық түрі. Бұл категориядағы балалар өмірінің алғашқы күндерінен бастап қимыл-қозғалысында шектелген, яғни олардың тактильді қабылдауы қажетті деңгейге сәйкес келмейді.

Сонымен қатар, церебральды сал ауруымен ауыратын балалардың үлкен пайызында көру және есту проблемалары бар. Формасына байланысты сенсорлық анализаторлардың бұзылу деңгейі әртүрлі болуы мүмкін, бұл баламалы байланыс түрлерін жеке таңдау керек дегенді білдіреді. Церебральды сал ауруының әрбір формасы басқа формалардан азды-көпті дәрежеде ерекшеленетін өзіндік ерекшеліктері бар. Логопед пен дефектологтың альтернативті коммуникацияны таңдауына әсер ететін негізгі критерий балалардың интеллектуалдық және моторлық ерекшеліктері болып табылады [7].

Миренда П., Беукельман Д., Лайт Дж. [3, 4] церебральды сал ауруы бар балаларда баламалы сөйлеуді дамыту әдістерін көп жылдар бойы қолданып

келеді. Авторлардың еңбектерінде сипатталған эксперименталды жағдайлар кейбір БҚК әдістерінің тиімділігін көрсетеді.

Авторлар сипаттаған бір жағдайды мысалға келтіргіміз келеді. 5 жасар балада БҚС ауруы қойылған, сөйлеу тілі мүлде дамымаған. Алғашында бала қажеттілігін жылау немесе айқайлау арқылы білдірген. Мамандар PECS жүйесін енгізді: алдымен бір ғана «су» суреті пайдаланылды, бала осы карточканы бере бастады. Кейін «тамақ», «ойыншық», «мама», «серуен» сияқты карточкалар қосылды. 3 ай ішінде бала карточкаларды комбинациялап, қарапайым сөйлемдер құрастыра алды («Серуенге шығу», «Ойыншық керек»). Ата-анасы алғаш рет баласының ойын нақты түсіне бастады, ал баланың мазасыздығы азайды.

Зерттеушілер баланың дамуына баламалы сөйлеудің әсері туралы мынадай қорытындыға келді. Баламалы сөйлеудің бала дамуына әсері:

- Танымдық дамуды ынталандырады;
- Қарым-қатынас жасауға деген қызығушылықты арттырады;
- Психоэмоциялық жағдайды жақсартады;
- Әлеуметтік бейімделуді жеңілдетеді;
- Сөйлеу тілінің кейінгі дамуына негіз болады [3]

Сонымен, баламалы және қосымша коммуникация – сөйлемейтін балалардың әлеуетін ашудың кілті [4]. БҚС ауруы бар әр бала өзінше ерекше, бірақ олардың барлығы түсінілуге және естілуге лайық. Қарым-қатынас құралы бар бала өзін сенімді сезінеді, ал ата-анасы оның қажеттіліктерін дұрыс түсініп, қолдау көрсете алады. Бұл жүйелерді ерте жастан енгізу баланың жалпы дамуына оң әсерін тигізеді [1],[2].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Лалаева Р.И., Серебрякова Н.В. Логопедия при детском церебральном параличе. – СПб., 2020.
2. Бондаренко А.К. Альтернативная и дополнительная коммуникация: методические рекомендации. – М., 2021.
3. Mirenda P. Augmentative and Alternative Communication for Children with Complex Communication Needs. Journal of Developmental and Physical Disabilities, 2018.
4. Beukelman D., Light J. Augmentative and Alternative Communication. – Paul H. Brookes Publishing, 2021.
5. Архипова Е.Ф. Церебральды сал ауруы бар балалармен коррекциялық жұмыс. Сөйлеу алдындағы кезең / Е.Ф.Архипова. – Мәскеу: Просвещение, 1989. – 79 б.
6. Выготский Л.С. Ойлау және сөйлеу / Л.С. Выготский. - Санкт-Петербург: Питер, 2017. - 362 б.
7. Левченко И.Ю. Тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеу технологиялары / И.Ю. Левченко, О.Г. Приходько. – Мәскеу: «Академия» баспа орталығы, 2001. – 192 б.
8. Немкова Л. S. Церебральды сал ауруы: когнитивті бұзылыстарды диагностикалау және түзету. - Мәскеу: Союз педиатрия 2012 ж.

ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУЫНЫҢ КЕЗЕҢДЕРІ (ӘДЕБИЕТТІК ШОЛУ)

Кәкенова М.Ж, Манарбекқызы М, Адилбекова Д.А.
Ғылыми жетекші: Байчинов. Р.Т, сениор-лектор, магистрі
С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

E-mail: kakenovamoldir2005@gmail.com, diadi1721@gmail.com,
manarbekkyzmeruert@gmail.com, rauan.b_1991@mail.ru,

Арнайы әдебиеттерде ерте жастағы балалардың сөйлеу тіл дамуы былай жазылған. Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілінің дамуы – баланың когнитивті және әлеуметтік дамуының маңызды аспектілерінің бірі. Бұл үдеріс бірнеше кезеңдерден тұрады, және әр кезең баланың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, ерте жастағы балаларды сөйлеу тіл дамуын негізгі аспектілерін төмендегідей көрсетуге болады:

1. Сөйлеуге дейінгі кезең (0-12 ай)

Бұл кезеңде баланың тілі сөйлеуге дейінгі дайындықпен сипатталады. Жаңа туған нәрестелер интонация мен ырғақты сезінеді, дауысты дыбыстарды ажыратады және қоршаған ортадағы дыбыстарға реакция білдіреді.

0-3 ай: Бала жылау арқылы қарым-қатынас жасайды. Өртүрлі жылау түрлері арқылы қажеттіліктерін жеткізеді.

3-6 ай: Бала гуілдейді, күлімсірейді, түрлі дыбыстар шығарып, реакция білдіреді.

6-9 ай: Алғашқы буындар пайда болады («ба-ба», «ма-ма» секілді), бірақ бұл мағынасы бар сөздер емес.

9-12 ай: Бала ересектердің сөйлеу тіліне еліктеп, қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін түсіне бастайды. Сөздерді түсіну сөйлеу қабілетінен бұрын дамиды.

2. Бірінші сөздер кезеңі (12-18 ай)

Бұл кезеңде балалардың алғашқы сөздері пайда болады. Әдетте олар қарапайым, күнделікті қолданыстағы заттарды атау үшін қолданылады (мысалы, «ана», «ата», «су»).

12-15 ай: Бала қарапайым нұсқауларды түсініп, алғашқы сөздерін айта бастайды.

15-18 ай: Баланың сөздік қоры 10-20 сөзге дейін артады. Олар бір-екі сөзбен өз ойын жеткізе алады («кітап керек», «шөлдедім»).

3. Телеграфтық сөйлеу кезеңі (18-24 ай)

Бұл кезеңде балалар екі сөзден тұратын қарапайым сөйлемдер құра бастайды. Бұл сөйлемдер «телеграфтық сөйлеу» деп аталады, себебі олар қысқа әрі негізгі сөздерден тұрады.

Балалар негізгі есімдер мен етістіктерді пайдалана отырып, қарапайым сөйлемдер құрастырады («Апа келді», «Бала ұйықтады»).

Сөздік қоры қарқынды түрде артып, бала айналасындағы заттар мен іс-әрекеттерді атауды жалғастырады.

4. Грамматикалық құрылымдардың дамуы (2-3 жас)

2-3 жас аралығында балалардың сөйлеу тілі күрделене түседі. Олар грамматикалық ережелерді қолдана отырып, ұзағырақ сөйлемдер құра бастайды.

2 жас: Бала үш-төрт сөзден тұратын сөйлемдер айта алады («Мен допты аламын»).

3 жас: Бұл кезеңде бала толық сөйлемдермен өз ойын еркін жеткізе бастайды. Сонымен қатар, олар сұрақтар қоюды, бұйрықтар беруді үйренеді («Қайда барамыз?», «Ойыншықты әкел»).

5. Күрделі сөйлеудің дамуы (3-5 жас)

Бұл кезеңде баланың сөйлеу тілі толық қалыптасып, ересектермен бірдей деңгейде қарым-қатынас жасай алады. Олар көп мағыналы сөздер мен күрделі сөйлемдерді түсініп, қолдана бастайды.

3-4 жас: Бала бір сөйлемде бірнеше етістік немесе сын есім қолдана алады. Сөздік қоры 1000-нан асады.

4-5 жас: Баланың тілі жетіліп, грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлемдер құрайды. Олар оқиғаларды айтып бере алады, себеп-салдарлық байланыстарды түсінеді.

6. Мектепке дейінгі кезең (5-6 жас)

Бұл кезеңде балалардың сөйлеу дағдылары жетіліп, толық түрде қалыптасады. Олар күрделі әңгімені түсініп, өздері де қисынды әрі күрделі сөйлемдер құра алады. Грамматикалық ережелерді толық игеріп, жаңа сөздерді оңай меңгереді.

Ерте жастағы балалардың сөйлеу тілі дамуы туралы көптеген ғалымдар зерттеулер жүргізіп, оның кезеңдерін анықтаған. Әр ғалымның көзқарасы тіл дамуының әртүрлі аспектілеріне негізделген және олар әртүрлі кезеңдерді бөліп көрсетеді. Осылайша, бала сөйлеу тілінің дамуының жалпы түсінігін қалыптастыруға болады. Авторлардың зерттеулері бойынша, психологиялық-педагогикалық зерттеулерде төмендегідей көрсетілген:

1. Жан Пиаже

Пиаже бала дамуын когнитивті даму тұрғысынан қарастырды және сөйлеу тілінің дамуын баладағы ойлау процестерінің жетілуімен тығыз байланыстырды. Ол баланың сөйлеуін сенсомоторлы кезеңнен бастап қарастырады:

Сенсомоторлы кезең (туылғаннан 2 жасқа дейін): Бұл кезеңде бала айналасындағы адамдардың дыбыстарын тыңдайды, имитация жасап, алғашқы сөздерді айтады. Сөйлеу ойлаумен тығыз байланысты.

Операцияға дейінгі кезең (2-7 жас)

Бұл кезеңде балада сөйлеу қабілеті едәуір дамиды және ол қарапайым сөздер мен сөйлемдерді қолдана бастайды. Операцияға дейінгі кезеңнің сипаттамалары:

Символикалық ойлау: 2 жас шамасында бала объектілерді және әрекеттерді символдар арқылы бейнелей бастайды.

Эгоцентризм: Бала әлі өз ойларын басқа адамдардың көзқарастарымен салыстыра алмайды, ол көбінесе өзінің көзқарастарымен шектеледі.

Ойын арқылы үйрену: Ойындар арқылы бала қоршаған ортаны зерттеп, жаңа сөздер мен сөйлемдерді игереді. [1]

2. Лев Выготский

Выготский тіл дамуын әлеуметтік өзара әрекеттесу арқылы қарастырады. Оның теориясы бойынша сөйлеу әлеуметтік контекстте қалыптасады:

Тілге дейінгі кезең (туылғаннан 2 жасқа дейін): Бұл кезеңде бала қоршаған ортамен қарым-қатынас жасап, дыбыстар мен сөздерге еліктейді.

Тілдік кезең (2 жастан бастап): Бала алғашқы сөйлемдерді құрап, сөздер мен сөйлемдерді белсенді түрде қолдана бастайды.[2]

3. Ноам Хомский

Хомский әмбебап грамматика теориясын ұсынды. Хомскийдің пікірінше, балалар сөйлеу тілін өз бетімен, белгілі бір кезеңдер арқылы дамытады, және бұл дамудың негізінде биологиялық факторлар жатыр. Хомский баланың сөйлеу тілі дамуының кезеңдерін әмбебап деп есептейді және оны үш негізгі кезеңге бөледі.

1.Туа біткен лингвистикалық қабілеттер (Туылғаннан бастап)

Бала тіл үйренуді бастағанда туа біткен әмбебап грамматикамен жабдықталған. Ол әр тілге тән грамматикалық ережелерді үйрену үшін қолданылады. Тіл үйрену кезеңдерінің негізі осы биологиялық механизмдерге байланысты.

2. Тіл үйренудің бастапқы кезеңі (0-2 жас)

Бұл кезеңде бала қоршаған ортаның тілін тыңдап, тілдік құрылымдарды меңгеруге дайындалады.

Дыбыстарға жауап беру: Бала алғашқы айларда дыбыстарды тыңдап, дыбыстарға жауап береді. Тіл үйрену дыбыстарды, интонацияны және сөйлеу құрылымдарын байқау арқылы жүзеге асады.

Сөздер мен қарапайым фразаларды меңгеру: Бір жас шамасында бала алғашқы сөздерін айта бастайды және 1,5-2 жасында екі сөзден тұратын сөйлемдер құра бастайды.

3. Грамматикалық құрылымдардың қалыптасу кезеңі (2-5 жас)

Бұл кезеңде бала белсенді түрде сөз тіркестері мен сөйлемдер құрайды және грамматикалық ережелерді интуитивті түрде қолданады.

Грамматикалық ережелерді интуитивті меңгеру: Бала тілдік құрылымдарды үлгі бойынша емес, туа біткен қабілеттерінің арқасында меңгереді.

Тілдік қателіктер және өзіндік гипотезалар: Балалар жаңа сөздер мен грамматикалық құрылымдарды үйрену барысында қателіктер жібереді, мысалы, ережелерді жалпылау (мәселен, “келгенім” орнына “келгендім”). [3]

4. Александр Лурия

Александр Лурия ерте жастағы балалардың сөйлеу тілі дамуын зерттей отырып, оның мидың әртүрлі аймақтарымен байланысты екенін анықтады. Лурия нейропсихология саласының негізін қалаушылардың бірі болып саналады және ол сөйлеу тілін дамытуды мидың құрылымы мен қызметімен тығыз байланыстырып қарастырды. Лурияның теориясы бойынша, баланың сөйлеу тілі

дамуының кезеңдері мидың жетілуіне және балада әртүрлі сөйлеу формаларының қалыптасуына сәйкес жүреді. Оның зерттеулерінде сөйлеу тілі дамуының екі негізгі кезеңі атап өтілген.

1. Алғашқы кезең: Дыбыстарды қабылдау және бөлу (Туылғаннан 2 жасқа дейін). Бұл кезеңде бала дыбыстық сигналдарды қабылдап, оларды ажыратуды үйренеді.

Дыбыстарға сезімталдықтың дамуы: Бала туғаннан бастап дыбыстарға сезімтал келеді. Лурия баланың өмірінің алғашқы айларында дыбыстарды, әсіресе, адамның дауысын тануға және оларға жауап беруге қабілетті екенін анықтады.

Алғашқы дыбыстарды шығару: Алғашқы айларда бала гуілдеу арқылы дыбыстарды қайталап, ересектердің сөйлеу мәнеріне еліктей бастайды. Бұл мидың есту, сөйлеу және қимылдық орталықтарының қызметімен байланысты.

Фонематикалық есту: Жасөспірім бала сөздердің құрамындағы дыбыстарды ажыратып, оларды фонетикалық бірліктер ретінде таниды. Бұл қабілет сөйлеу тілінің дамуына дайындық болып табылады.

2. Екінші кезең: Белсенді сөйлеу қабілетінің қалыптасуы (2-5 жас)

Бұл кезеңде балада сөйлеу дағдылары толықтай дамып, грамматикалық құрылымдарды игеруге қабілетті болады.

Сөздік қордың жылдам өсуі: 2 жастан бастап бала белсенді түрде сөздерді меңгереді және оларды сөйлемдерге біріктіреді. Лурия бұл кезеңде мидың сөйлеуге жауап беретін аймақтары айтарлықтай жетіле түсетінін атап өтеді.

Грамматикалық құрылымдарды меңгеру: Балалар сөздерді грамматикалық ережелерге сәйкес қолданып, толық сөйлемдер құра бастайды. Лурия бұл процесті мидың сол жақ жарты шарындағы тіл орталықтарының дамуының нәтижесі деп түсіндіреді.

Ішкі сөйлеудің қалыптасуы: Баланың ішкі сөйлеуі (ойлау қабілеті) қалыптасып, ойларын іште айтуға қабілетті бола бастайды. Бұл когнитивті және сөйлеу қабілеттерінің өзара байланысын көрсетеді.[4]

Қорытындылай келе, баланың сөйлеу тілі дамуының негізі әлеуметтік қарым-қатынас, еліктеу және когнитивті процестермен тығыз байланысты. Жан Пиаже, Лев Выготский, Ноам Хомский және Александр Лурия сынды ғалымдардың теориялары баланың сөйлеу тілін түсінуге әртүрлі тұрғыдан ықпал етеді. Бұл әдебиеттік шолуда сөйлеу тілінің дамуының кезеңдері, олардың негізгі сипаттамалары мен баланың тілдік дағдыларын жетілдірудегі рөлі талданды. Әрбір кезең сөйлеудің күрделенуіне және баланың қоршаған ортамен өзара қарым-қатынасы арқылы дамуына негізделген.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Пиаже, Ж. Ойлау және сөйлеу дамуы – Алматы: 1970.[123-145 бет]
2. Выготский, Л.С. Мышление и речь – Москва: 1934.[28-59 бет]
3. Хомский, Н. Тілдің синтаксистік құрылымы – 1965.[45-73 бет]
4. Лурия, А.Р. Нейропсихология негіздері – Москва: 1973.[134-160 бет]

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Медғатова М.

ғылыми жетекшісі: Тенкебаева А.З.

Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ,

Өскемен қ., Қазақстан

электрондық пошта: makosyamedgat@mail.ru

Цифрландыру дәуірінде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр, әсіресе арнайы білім беруге келетін болсақ. Арнайы білім беру қажеттіліктері бар (АБҚБ) балалар — қоғамның ерекше қолдау мен бейімделген педагогикалық тәсілдерді қажет ететін әлеуметтік тобы. Бұл санаттағы балалардың білім алу мүмкіндіктерін теңестіру — қазіргі инклюзивті қоғам қалыптастырудағы стратегиялық маңызы бар міндет. Дәл осы тұста заманауи технологиялар – оқу мазмұнын даралап беру, коммуникативтік кедергілерді жою және баланың әлеуетін ашу құралдары ретінде ерекше рөл атқарады.

Білім беру технологияларының дамуы – педагогикалық практикаға ғана емес, арнайы педагогика, психология, инженерия және нейробиология сияқты пәнаралық бағыттардың өзара ықпалдастығына негізделіп отыр. Осы орайда, зерттеу тақырыбының өзектілігі — инновациялық құралдардың ғылыми негізделген қолданылу аясын, олардың оқыту тиімділігіне ықпалын және педагогикалық үдерістегі интеграция механизмдерін жүйелі түрде зерделеу қажеттілігінде.

Бұл шолу мақала арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда заманауи технологиялардың қолданылу аясын ғылыми тұрғыдан саралап, олардың тиімділігін, түрлерін және практикалық қолдану ерекшеліктерін талдауға бағытталған. Зерттеу пәнаралық көзқарас негізінде жүргізіліп, педагогикалық, технологиялық және әлеуметтік аспектілерді біріктіру арқылы кешенді ғылыми талдау жасауға ұмтылады.

Заманауи технологиялар ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуындағы тосқауылдарды азайтуға мүмкіндік беретін әмбебап құралға айналып отыр. Ассистивті құрылғылар (мысалы, экран оқырмандар, Брайль дисплейлері, дауыс синтезаторлары), мультимедиялық платформалар мен бейімделген цифрлық контенттер – баланың танымдық, сенсорлық және моторлық ерекшеліктерін ескеріп оқытуға жағдай жасайды [1].

Арнайы білім беру қажеттіліктері бұл адамның танымдық, сенсорлық, физикалық немесе психоәлеуметтік дамуындағы ерекшеліктеріне байланысты пайда болатын ұзақ мерзімді немесе тұрақты сипаттағы жағдайлар. Бұл қажеттіліктерді педагогикалық практикада келесі негізгі топтарға жіктеуге болады:

- Көру қабілеті бұзылған балалар – зағип немесе нашар көретін;
- Есту қабілеті бұзылған балалар – саңырау немесе естуі нашар;

- Тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар – қимыл-қозғалыс еркіндігі шектеулі;

- Интеллектуалдық дамуында ауытқуы бар балалар – жеңіл, орташа, ауыр деңгейдегі ақыл-ой кемістігі;

- Аутизм спектріндегі бұзылыстары бар балалар – әлеуметтік коммуникация мен мінез-құлық ерекшеліктері тән;

- Комбинирленген бұзылыстары бар балалар – бірнеше ерекше қажеттіліктердің біріккен формасы.

Бұл санаттардың әрқайсысы бейімделген оқыту мазмұнын, арнайы әдістемелер мен технологиялық шешімдерді қажет етеді.

Арнайы білім беру – ерекше қажеттіліктері бар балаларға арнайы түзетушілік, әдістемелік және технологиялық қолдау көрсету арқылы білім беруді ұйымдастыру жүйесі. Мұнда баланың мүмкіндіктерін барынша ашуға бағытталған жеке бағдарланған тәсіл басым болады.

Инклюзивті білім беру – барлық балаларды, соның ішінде АБҚБ балаларды да, жалпы білім беру мекемелерінде оқытуға мүмкіндік беретін әдіснама. Бұл модель дискриминацияны болдырмауға, қоғамдағы әртүрлілікті мойындауға және білімге тең қолжетімділікке негізделеді. Инклюзивті білім беру – тек білім саласындағы ғана емес, жалпы әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына негізделген ұзақ мерзімді гуманистік стратегия.

Арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда заманауи технологияларды енгізу – қазіргі педагогиканың стратегиялық бағыттарының бірі. Бұл технологиялар оқытудың мазмұны мен әдістемесін жекелендіруге, ақпаратты қабылдау мен өңдеу тәсілдерін бейімдеуге, сондай-ақ оқушылардың танымдық белсенділігі мен әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыруға бағытталған. Білім берудің цифрлық трансформациясы жағдайында ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған инновациялық шешімдер барған сайын әртараптанып, пәнаралық сипатқа ие болуда [2].

Бірінші кезекте, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) рөлі айрықша. Бұл технологиялар оқу материалына сандық түрде қол жеткізуді, мультимедиялық мазмұнды пайдалануды және оқушы мен мұғалім арасындағы интерактивті байланысты қамтамасыз етеді. АКТ құралдары ретінде бейімделген электронды оқулықтар, аудио-бейне ресурстар, сенсорлық экрандар мен интерактивті тақталар қолданылады. Аталған технологиялар арқылы педагог оқу мазмұнын баланың сенсорлық және когнитивтік ерекшеліктеріне сәйкес бейімдей алады. Сонымен қатар, онлайн-конференциялар мен телемедициналық кеңестер педагогикалық процестің үздіксіздігін қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Ассистивті технологиялар ерекше қажеттіліктері бар балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынас жасау қабілетін жақсартуға арналған. Бұған экран оқырмандар, дауыс синтезаторлары, Брайль құрылғылары, тактильді беттер, альтернативті коммуникациялық құрылғылар және арнайы пернетақталар жатады. Мысалы, нашар көретін немесе зағип оқушылар үшін экран оқырмандар оқу процесіне толық қатысуға мүмкіндік берсе, сөйлеу қабілеті шектеулі балалар дауыс синтезаторы арқылы ойын білдіре алады. Бұл

технологиялар оқушының оқуға деген мотивациясын арттырып, өзін-өзі бағалау деңгейін көтеруге әсер етеді.

Келесі маңызды бағыт – виртуалды (VR) және толықтырылған шындық (AR) технологияларын қолдану. Бұл технологиялар оқу процесіне иммерсивті сипат береді және шынайы өмірлік жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. VR жүйелері арқылы оқушы өзін нақты өмірлік кеңістікте сезініп, мысалы, көше қиылысынан өту, қоғамдық көлікте жүру немесе дүкенде сауда жасау сияқты өмірлік дағдыларды үйрене алады. Ал AR технологиясы нақты ортаға қосымша визуалды немесе дыбыстық ақпаратты қабаттастыра отырып, оқу тапсырмаларын нақтылау мен түсінуді жеңілдетеді [3]. Мұндай тәсілдер аутизм спектріндегі немесе назар жетіспеушілігі бар балалар үшін ерекше пайдалы.

Білім беру мобильді қосымшалары мен онлайн платформалар да ерекше қажеттіліктері бар оқушылар үшін оқу процесін икемді әрі қолжетімді етеді. Мобильді қосымшалар арқылы бала оқу мазмұнын өз темпіне қарай меңгере алады, ал онлайн платформалар (мысалы, Moodle, Khan Academy) педагогикалық қолдауды үздіксіз қамтамасыз етеді. Бұл ресурстарда жиі геймификация элементтері қолданылады, яғни оқыту ойын түрінде ұйымдастырылып, баланың белсенділігі мен қызығушылығын арттырады. Сонымен қатар, арнайы жасалған қосымшалар (мысалы, Proloquo2Go, Visual Schedule Planner) коммуникациялық дағдыларды дамыту мен күн тәртібін құрылымдауда кеңінен қолданылады.

Жасанды интеллект негізіндегі бейімделген оқыту жүйелері соңғы жылдары ерекше маңызға ие бола бастады. Мұндай жүйелер оқушының білім деңгейі, оқу қарқыны мен танымдық сипаттамаларын автоматты түрде талдай отырып, дербестендірілген оқу траекториясын ұсынады. Мысалы, адаптивті оқыту платформалары баланың қателіктерін талдап, сәйкесінше жеңілдетілген немесе күрделендірілген тапсырмаларды ұсынады. Сонымен қатар, бұл технологиялар арқылы оқушылардың оқу үдерісіндегі ілгерілеуін мониторинг жасау және педагогқа кері байланыс беру жеңілдейді. Жасанды интеллект әсіресе танымдық бұзылыстары бар оқушыларға оқу материалын оңтайлы түрде ұсынуға мүмкіндік береді.

Соңғы категория – көрнекі қолдау технологиялары. Бұл визуалды құралдар баланың ақпаратты қабылдауын, есте сақтауын және әрекеттер тізбегін жоспарлау қабілетін жетілдіреді. Инфографика, пиктограммалар мен символдық жүйелер (мысалы, PECS немесе Widgit) оқыту үдерісінде кеңінен қолданылады. Олар әсіресе сөйлеу тілі дамымаған, аутизм спектріндегі бұзылыстары бар немесе когнитивтік дамуы шектеулі оқушылар үшін тиімді. Көрнекі қолдау құралдары арқылы баланың күн тәртібі құрылымдалып, әлеуметтік жағдайлардағы өзара әрекеттесу деңгейі артады.

1-кесте – Заманауи технологиялар және олардың сипаттамас

№	Технология атауы	Мақсаты	Қолданылуы
1	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)	Цифрлық оқыту мазмұнын ұсыну	Интерактивті тақта, мультимедиа, телебайланыс
2	Ассистивті технологиялар	Қатынасты және оқуға қолжетімділікті қамтамасыз ету	Экран оқырман, дауыс синтезаторы, Брайль құрылғысы
3	Виртуалды және толықтырылған шындық (VR/AR)	Шынайы өмірлік жағдайларды модельдеу	AR/VR көзілдірігі, 3D-сценарийлер
4	Мобильді қосымшалар және онлайн платформалар	Оқытуды бейімдеу және ынталандыру	Moodle, Khan Academy, арнайы қосымшалар
5	Жасанды интеллект негізіндегі бейімделген оқыту жүйелері	Оқытуды даралау және автоматтандыру	Адаптивті платформалар, когнитивті талдау
6	Көрнекі қолдау технологиялары	Ақпаратты визуалды қолдау арқылы беру	Инфографика, пиктограмма, PECS карточкалары

Заманауи технологиялардың арнайы білім беру саласындағы қолданылуы бірқатар педагогикалық және психологиялық артықшылықтармен қатар, белгілі бір шектеулер мен тәуекелдерді де қамтиды. Ең алдымен, бұл технологиялар оқыту үдерісін дараландыру қағидатына негіздей отырып, әрбір оқушының жеке ерекшеліктеріне сәйкес бейімделген білім беру ортасын қалыптастырады. Оқуға деген мотивацияны арттыруда интерактивті, ойын элементтері бар құралдардың әсері ерекше. Білім беру ресурстарының кең қолжетімділігі – түрлі аймақтар мен әлеуметтік топтар арасындағы білім алуға тең мүмкіндік туғызудың маңызды механизміне айналды [4].

Бұл технологиялардың кеңінен енгізілуі цифрлық теңсіздік мәселесін де алға тартты. Ауылдық және әлеуметтік осал топтарда интернетке, құрылғыларға және техникалық инфрақұрылымға қолжетімділіктің шектеулі болуы оқушылар арасындағы білім алудағы алшақтықты ұлғайтуы мүмкін. Сонымен қатар, технологиялық құралдардың жоғары құны, олардың техникалық қызмет көрсету қажеттілігі және жиі жаңартылу талабымен бірге қаржылық қиындықтар туындатады. Бұған қоса, педагог кадрларының технологиялық дайындық деңгейі әртүрлі болуы, олардың жаңа құралдарды тиімді пайдалануына кедергі келтіреді.

Заманауи технологияларды тиімді қолдану – педагогтың кәсіби құзыреттілігіне тікелей тәуелді. Бұл жерде мұғалім тек білім жеткізуші ғана емес, сонымен қатар технологиялық шешімдерді бейімдеуші, ұйымдастырушы, және фасилитатор ретінде әрекет етеді. Арнайы білім беру жағдайында мұғалімнің

цифрлық сауаттылығы, ассистивті құрылғылармен жұмыс істей алу қабілеті, бейімделген оқу материалдарын құру біліктілігі аса маңызды.

Біліктілікті арттыру бағдарламалары педагогтерді технологиялармен жұмыс істеуге үйретіп қана қоймай, оларды оқыту үдерісіне тиімді енгізу тәсілдеріне де үйретуі қажет. Мұндай бағдарламаларда инклюзивті педагогика, цифрлық педагогика, мультимедиялық құралдармен жұмыс және онлайн-платформаларды басқару сияқты модульдер қамтылуы тиіс. Сонымен қатар, мұғалімнің тұрақты кәсіби дамуына жағдай жасау — білім беру сапасының үздіксіздігін қамтамасыз ететін негізгі тетік.

Елеулі маңызға ие тағы бір фактор — педагог пен IT-маман арасындағы кәсіби әріптестік. Әсіресе күрделі технологиялық шешімдер енгізілген мектептерде бұл ынтымақтастық оқыту жүйесінің дұрыс жұмыс істеуі мен білім алушыға бейімделген ресурстарды уақытылы дайындау үшін қажет. IT-маман бағдарламалық құралдарды қамтамасыз етсе, педагог оның педагогикалық аспектілерін дұрыс қолдануға жауап береді.

Арнайы білім беру саласындағы технологиялардың болашағы — бейімделгіш, интеллектуалды және көпмодальды оқыту жүйелерінің кеңеюімен сипатталады. Жасанды интеллект негізіндегі жүйелер баланың оқу үлгерімін автоматты түрде талдай отырып, нақты уақыт режимінде кері байланыс беруге мүмкіндік ашады. VR/AR технологиялары арқылы әлеуметтік сценарийлерді интерактивті модельдеу — өмірлік дағдыларды дамытудағы тиімді құралға айналуға. Бұған қоса, дауыс арқылы басқарылатын құрылғылар, нейроинтерфейстер және тактильді сенсорлар — болашақ инклюзивті білім берудің негізін құрайтын озық технологиялар болады деп күтіледі [5].

Осы технологиялық үрдістерді тиімді қолдану үшін мемлекеттік деңгейде жүйелі стратегия қажет. Біріншіден, арнайы білім беру ұйымдарын техникалық жарақтандыру бойынша нақты бағдарламалар қабылдануы тиіс. Екіншіден, педагог кадрларды дайындау мен қайта даярлау жүйесі жаңа талаптарға сай реформалануы қажет. Үшіншіден, мектептерде технологиялар мен оқушылардың қажеттіліктері арасында тепе-теңдік орнататын білім беру ортасын бейімдеу стандарттары енгізілуі қажет. Сонымен қатар, ата-аналар мен қоғам өкілдері үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу — инклюзивті мәдениетті нығайтудың маңызды құрамдасы.

Заманауи технологиялар арнайы білім беру саласында оқушылардың оқу процесіне белсенді қатысуына, жеке ерекшеліктеріне сай бейімделген контентпен жұмыс істеуіне және әлеуметтену мүмкіндіктерін кеңейтуге нақты жол ашады. Бұл құралдар баланың оқу үлгеріміне ғана емес, оның психоэмоционалдық дамуына, өз-өзіне сенімділігін арттыруға және дербестік деңгейін жоғарылатуға әсер етеді.

Зерттеу барысында технологиялардың тиімділігі — олардың әдістемелік дұрыс қолданылуымен және педагогикалық үдеріске дұрыс интеграциялануымен тікелей байланысты екені айқындалды. Сонымен қатар, педагогтердің кәсіби даярлығы мен қолжетімді инфрақұрылым — бұл процестің сәтті жүзеге асуына негіз болады. Сондықтан ғылыми-практикалық тұрғыдан

алғанда, заманауи технологиялар арнайы білім берудің мазмұнын жаңғырту мен жаңаша форматта ұйымдастырудың әлеуетті құралы болып саналады.

Болашақ зерттеулерде нақты технология түрлерінің тиімділігін эмпирикалық деректермен талдау, әртүрлі санаттағы оқушыларға арналған оқыту сценарийлерін әзірлеу, сондай-ақ педагогтер үшін бейімделген цифрлық оқыту бағдарламаларын жасаудың ғылыми негіздерін дамыту өзекті болып қала бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Уразова А. Мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілінде мүкістігі бар балалардың танымдық деңгейін инновациялық әдістермен дамыту // БҚИТУ Хабаршысы. – 2020. – №3(11). – Б. 308–311.

2. Кошжанова Г.А., Ширинбаева Г.Қ. Арнайы педагогтың қоғамдағы әлеуметтік рөлі // Proceedings of the Agency. – 2025. – №1. – Б. 43–45.

3. Альмухамбетова Б.Ж., Каиржанова Ж.Д. Арнайы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамыту үдерісі арнайы білім беру сапасын арттырудың негізі ретінде // Endless Light in Science. – 2024. – №6(22). – Б. 102–106.

4. Бегежанова Р. Коррекционно-образовательные возможности применения ИКТ в специальном образовании // Intellect, Idea, Innovation. – Қарағанды: ҚарУ, 2021.

5. Ахметова Г., Бутабаева Л., Умирбекова А. Бастауыш сынып оқушылары арасында позитивті қарым-қатынасты қалыптастыруда «Blended learning» технологиясы // Білім журналы. – 2025. – №2(14). – Б. 100–104.

УДК: 376.112.4

ОСОБЕННОСТИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПЕДАГОГА-АССИСТЕНТА ПО СОПРОВОЖДЕНИЮ ДЕТЕЙ С НОДА В УСЛОВИЯХ ИНКЛЮЗИВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

¹ Мұлдықанова Л.З., ² Ушакова А.А.

научный руководитель: Смаилова Ж.У., сениор-лектор, магистр
психологии

ВКУ имени Сарсена Аманжолова, г. Усть-Каменогорск, Казахстан
e-mail: ¹muldykanovalaura0@gmail.com, ²anastasiia.ushakova@mail.ru

По официальным данным «Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан» на конец 2024 года в стране зарегистрировано более 230.000 детей с особыми образовательными потребностями [1]. Анализ статистики, опубликованной в различных источниках, показывает рост числа детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата. И данная динамика прослеживается не только в Казахстане, но и по всему миру. Так по данным российских исследователей в 2024 году дети с НОДА составляли 8% от общего числа детей, имеющих

нарушения развития (Рисунок 1). А два года назад данная группа детей составляла 6% от общего количества. Кроме того, исследователи отмечают увеличение количества детей с тяжёлыми нарушениями опорно-двигательного аппарата (без психических нарушений) [2].




Рисунок 1 – Распределение детей с ОВ по категориям нарушений

В связи с ростом количества детей школьного возраста с нарушениями опорно-двигательного аппарата появилась необходимость в обеспечении равного и комфортного доступа к учебному процессу. На данный момент в Казахстане в рамках активно развивающегося инклюзивного образования создаются необходимые условия и механизмы поддержки. Важным элементом такой системы выступает педагог-ассистент, чья роль заключается не только в физическом и учебно-методическом сопровождении ребенка с нарушением опорно-двигательного аппарата на протяжении всего учебного дня, но и в оказании поддержки при формировании новых навыков, адаптации учебных заданий под индивидуальные особенности, а также в содействии полноценной интеграции в коллектив сверстников.

Для эффективного функционирования системы сопровождения дети с моторными нарушениями проходят предварительную диагностику в Психолого-медико-педагогической комиссии (ПМПК), где определяется степень нарушения и формируется индивидуальная программа поддержки и реабилитации. На её основе педагог-ассистент совместно с службой психолого-педагогического сопровождения (СППС) школы разрабатывают маршрут сопровождения: детализированный план действий на учебную четверть, включающий перечень адаптированных учебных материалов, расписание лечебной физкультуры (ЛФК), контроль за использованием вспомогательных средств (ортезы, ортопедические подушки, корректирующие устройства).

Особенности сопровождения детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата в условиях инклюзивного образования исследовались авторами с начала развития инклюзивности в нашем обществе. Ахметова Д.З., Горынина В.С., Орешникова Л.А. в своем методическом пособии (2016) описали особенности психического развития детей с НОДА, а также дали некоторые рекомендации педагогам и родителям по их сопровождению в условиях инклюзивного образования. Авторы отметили: «чтобы сопровождение детей с нарушениями опорно-двигательного аппарата было действительно

профессиональным и результативным, педагог-ассистент должен обладать четким пониманием особенностей их развития и специфики образовательных условий» [3]. Таким образом, первое в чем необходимо разобраться педагогу-ассистенту в самом начале своей деятельности по сопровождению ребенка с НОДА - это знание и понимание особенностей самого нарушения развития.

Понятие «нарушение опорно-двигательного аппарата» (НОДА) носит собирательный характер и включает в себя двигательные расстройства, различные по происхождению и проявлениям. По степени тяжести нарушений двигательных функций и по сформированности двигательных навыков дети разделяются на три группы:

В первую группу входят дети с тяжелыми нарушениями. У некоторых из них не сформированы ходьба, захват и удержание предметов, навыки самообслуживания; другие с трудом передвигаются с помощью ортопедических приспособлений, навыки самообслуживания у них сформированы частично.

Во вторую группу входят дети, имеющие среднюю степень выраженности двигательных нарушений. Большая часть этих детей может самостоятельно передвигаться, хотя и на ограниченное расстояние. Они владеют навыками самообслуживания, которые недостаточно автоматизированы.

Третью группу составляют дети, имеющие легкие двигательные нарушения, они передвигаются самостоятельно, владеют навыками самообслуживания, однако некоторые движения выполняют неправильно [4].

Определение группы по степени выраженности двигательных нарушений позволяет в общих чертах выделить особенности моторного развития ребёнка. Однако для эффективного сопровождения важно учитывать не только физические ограничения, но и то, как они отражаются на познавательной деятельности, эмоционально-волевой сфере и коммуникативных возможностях ребёнка. В своей статье нам представляется целесообразным рассмотреть характеристики детей с НОДА в более широком контексте их психического и социального развития, дифференцированные на 3 группы НОДА (Таблице 1).

Таблица 1 - Особенности развития детей с НОДА

Группа детей	Познавательная деятельность	Эмоционально-волевая сфера	Коммуникативная сфера
1 группа (тяжёлые нарушения)	Познавательная активность снижена; требуется постоянная помощь в организации деятельности; утомляемость высокая; развитие	Повышенная зависимость от взрослых, низкая самостоятельность; трудности в преодолении препятствий; возможна эмоциональная нестабильность	Контакты ограничены, выражены трудности в вербальной и невербальной коммуникации; чаще предпочитают общение со

	мыслительных операций замедлено.	(раздражительность, тревожность).	взрослым, чем со сверстниками.
2 группа (средняя степень нарушений)	Познавательная деятельность сохранена, но снижена продуктивность; требуется больше времени для выполнения заданий; нуждаются в специальных условиях для обучения.	Могут проявлять волевые усилия, но часто снижается настойчивость; эмоциональная сфера более уравновешена, чем у первой группы, но возможна неуверенность в себе.	Общение со сверстниками возможно, но ограничено; присутствуют трудности в совместной деятельности, иногда замкнутость.
3 группа (лёгкие нарушения)	Познавательная деятельность в пределах возрастной нормы, но возможны трудности при освоении сложных двигательных компонентов (например, письмо, труд).	Достаточный уровень самоконтроля и инициативности; проявляют настойчивость в достижении цели; эмоциональные реакции адекватные.	Коммуникация в основном без затруднений; могут испытывать лёгкие трудности в подвижных играх, но в целом социальные контакты сохранены.

